



ТҰРАҚТЫ  
БИЗНЕС –  
ТҰРАҚТЫ  
ӨҢІРЛЕР



ЖЫЛДЫҚ  
ЕСЕП

2019



## МАЗМҰНЫ

Жылдың негізгі оқиғалары

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі

Басқарма Төрайымының үндеуі

01 | Қор туралы ақпарат

02 | Қазақстандағы ШОК талдауы. Даму келешегі

03 | Қызметтің негізгі бағыттары

04 | Қызмет нәтижелері

05 | Болашақ кезеңдерге жоспарлар туралы жалпы ақпарат

06 | Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

07 | Әлеуметтік жауапкершілік

08 | Экологиялық

09 | Корпоративтік басқару

10 | Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер

Қосымша

Мекенжайлар және байланыс деректері

## ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

**1** «ULTTYQ ÓNIM» мемлекеттік қолдауына ие болған қазақстандық тауар өндірушілердің V жыл сайынғы көрмесі (бұдан әрі – Көрме) өткізілді. Көрмеге қатысушылардың саны мемлекеттік қолдауға ие болған 475 компанияны құрады, 3 күннің ішінде келушілердің саны 13 000 адамға жетті.

**475**  
КОМПАНИЯНЫ

**2** Дефолтты жобалардың санын арттырусыз мемлекеттік бағдарламалар аясында кепілдіктер беру мерзімдерін қысқарту мақсатымен микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін бағалаудың рейтингтік моделі автоматтандырылды.

**3** Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Бизнестің жол картасы-2025» Мемлекеттік бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасы әзірленді және бекітілді.

**6** 2019 жылы Басым жобаларды несиелендіру механизмі іске асырылды. Жобаны жүзеге асыру аясында Қор қаржы агентінің міндеттерін орындауға кірісті.

**5** 2019 жыл нәтижелері бойынша бизнес-процестерді автоматтандыру деңгейі 94% жетті. Толық автоматтандыру 2020 жылы күтілуде.

**94%**  
АВТОМАТИЗАЦИЯ

**4** Қаржылық супермаркеті қағидасы бойынша жүзеге асырылған «Online Damu» Интернет-порталы пайдалануға енгізілді.

**7** Қормен Азия Даму Банкінің алдындағы қарыздың 2 траншы бойынша міндеттемелер орындалды.

**8** Тұрақты даму саласындағы Қор қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ішкі құжаттар өзектендірілді.

**9** Қормен кейіннен МҚҰ микро- және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне микронесиелерді беру үшін қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламаларының/ өнімдерінің аясында 12 МҚҰ 5,979 млрд теңге сомасындағы қаржы орналастырылды.

**5,979**  
МЛРД ТЕҢГЕ

**11** 2019 жылы зияткерлік меншік объектілерін құрумен/сатып алумен және франчайзинг сұлбаларын пайдаланумен байланысты микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мәмілелерін қаржыландыру бойынша қаражаттарды шарттасып орналастырудың жаңа бағдарламасы әзірленді.

**10** **500**  
МЛН ТЕҢГЕ

2019 жылдың ішінде қаражаттарды шарттасып орналастырудың қолданыстағы бағдарламалары қайта бағдарланды:

- бағдарламалар аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаттарынан (ҰҚ 1, 2, 3 транштар) сомасы бойынша шектеусіз тамақ өнеркәсібі жобалары және экспортты дамытуға бағдарланған жобалар қаржыландырылуы мүмкін;
- Қордың «Даму-Лизинг» өнімінің шегінде ШОКС-ң бастапқы жарна түрінде салатын лизинг заты құнының 20%-ға дейінгі аванстық төлемнің мөлшері азайтылды, және ШОКС қарызы бойынша сома 500 млн теңгеге дейін көбейтілді.



Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің бірінші  
орынбасары,  
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту  
қоры» АҚ Директорлар  
кеңесінің Төрағасы

**Смаилов  
Алихан Асханұлы**

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

2019 жылы ел басшылығымен және Үкіметпен бизнесті қолдау бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевпен кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөлініп, елімізде бизнес ашу және жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Ерекше назарды Ел басшысының Жолдауында мазмұндалған, «шағын, әсіресе микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Ең алдымен, ол ауыл мен қала тұрғындарының тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етіп, нәтижесінде жұмыссыздықты азайтады. Сондықтан да мемлекет бизнеске қолдау көрсетуін жалғастыруда» деген ұстанымына бөле кету қажет.

Қазақстандағы кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың тиімді әрі қажетті құралдарының бірі болып 2025 жылға дейін созылған «Бизнестің жол картасы – 2025» Мемлекеттік бағдарламасы табылады. Бағдарлама мақсаты – қазіргі жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын құру, өңірлік кәсіпкерліктің ел экономикасының шикізаттық емес салаларындағы тұрақты әрі теңгерімді өсімін қамтамасыз ету. Өткен жылы кәсіпкерлікті қолдау мақсатымен Үкіметтің «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларды несиелендіру Бағдарламасы жүзеге асырылып, бірқатар өзге мемлекеттік бағдарламалар жетілдірілді. Ол бағдарламаларды жүзеге асыру аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мемлекеттік қолдау шараларының негізгі қаржылық операторларының бірі ретінде әрекет етеді.

«Даму» қоры несиелердің жалпы 600 млрд теңгеден асатын сомада 24 мыңнан аса жобаны қаржыландырып, 2019 жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтады.

Қордың өңірлердегі орта және шағын бизнесті қолдау бойынша өзіндік бағдарламалары да нәтижелі жүзеге асырылуда. Субсидиялау және кепілдік беру жөніндегі өтінімдерді E-gov порталы арқылы қабылдаудың толық кірістірілуі жүзеге асырылды. 2019 жылы қаржылық супермаркет қағидасы бойынша жеке Online Damu интернет-порталын іске қосу бойынша бастама жүзеге асырылды.

2020 жылы «Қалпына келтірілетін энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін азайту» жаңа жобасының аясында Қордың БҰҰ Даму бағдарламасымен және Ғаламдық экологиялық форумымен іскерлесуі жалғасуда.

Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес, 2019 жылы «Doing Business» бизнесті жүргізу оңайлығы рейтингінде Қазақстан 190 елдің арасында 28 орыннан 25 орынға көтеріліп, орнын 3 тармаққа жоғарлатты. Бұнда Қордың да үлесі бар.

«Даму» қоры шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту тәжірибесін зерттеуге ерекше назарын бөлуді жалғастырады. Қор қызметкерлерінің шетелдік тағылымдамалар барысында жинаған білімдері тәжірибелерінде нәтижелі түрде пайдаланылуда.

2019 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ  
БОЙЫНША ҚОР

24

МЫҢНАН АСА ЖОБАНЫ  
ҚАРЖЫЛАНДЫРДЫ

Микро, шағын және орта кәсіпкерліктің экспортқа бағытталған субъектілерін қолдау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру, оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру мақсаттарында 2019 жылы: «KOSME» Корей ШОК және стартаптар агенттігі, «МСП Банк» АҚ (Ресей), Өзбекстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Кәсіпкерлік қызметті дамытуды қолдау бойынша мемлекеттік қор, Әзірбайжан Республикасының Кәсіпкерлікті дамыту қоры және тағы басқа сол сияқты ұйымдармен іскерлесу жөніндегі 8 меморандум мен келісімге қол қойылды.

«Даму» қоры алдына қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті барлық ресурстар мен құралдарға ие.

«Даму» қорымен атқарылатын, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін және көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға бағытталған жұмысы оң нәтижелер беретіндігіне күмәнім жоқ.

**Смаилов Алихан Асханұлы**  
Директорлар кеңесінің Төрағасы



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымы

**Бурибаева Гаухар Асылбекқызы**

## БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ

2019 жылы бизнесті құру және жүргізу жағдайларын жақсартуға және қазақстандықтардың кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға көп көңіл бөлінді. Әлемдік экономиканың қазіргі даму кезеңінде шағын және орта бизнес тиімді өсудің және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құрудың негізі болып табылады, оның нәтижесі халықтың әл-ауқатын мультипликациялық жақсартуға әсер етеді.

Қор микро-, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсететін негізгі ұлттық даму институты болып табылады. Қор 4 негізгі құралды ұсынады:

- 1) жеңілдікпен несиелер беру;
- 2) сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
- 3) несиелерді кепілдендіру;
- 4) онлайн оқыту және клиенттерді қаржы институттарына дейін сүйемелдеу.

Аталған қаржы құралдарын қолдана отырып Қор 5,3 трлн теңге несиелер сомасына 85 мың жобаға қолдау көрсетті.

Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаттары есебінен, «Бизнестің жол картасы-2025» Мемлекеттік бағдарламасы, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасының, микро-, шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасының, соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігінің арқасында, Азия Даму Банкінің (АДБ), Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) тартылған қаражаттарының шегінде өңдеуші өнеркәсіпті қолдау бағдарламаларын; Әкімдіктермен бірлесіп аймақтық қаржыландыру бағдарламаларын, және микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың

өзге бағдарламаларын, өз қаражаттарының және тартылған қаражаттардың есебінен іске асыруда. Жалпы, екінші деңгейдегі банктер арқылы жеңілдікпен несиелендіру бағдарламалары бойынша микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар 2,2 трлн теңге жалпы несиелер сомасына 61 мың қарыз алушыны қаржыландырды.

2019 жылы барлық бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидиялауды алған жобалар саны 2 647 белгісіне дейін жетті, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 87 %-ға өсіп, 269,8 млрд теңге несиелер сомасын құрады. Сондай-ақ несиелер сомасы 36 %-ға жоғарылады. Жалпы, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша барлығы 2,8 трлн теңгеге 15,5 мың жобаға қолдау көрсетілді.

2019 жылы барлық кепілдендіру бағдарламалары бойынша жобалар саны 2018 жылмен салыстырғанда 38 %-ға өсіп, 2 674-ке жетті. Несиелер сомасы 102,7 млрд теңгені құрады, ал кепілдіктер сомасы 40,4 млрд теңгеге жетті. Жалпы алғанда, кепілдендіру құралы бойынша бағдарламаны іске асыру кезеңінің ішінде 302 млрд теңгеге 8,6 мың жобаға қолдау көрсетілді.

Тұрақты институционалдық дамудың стратегиялық міндетін іске асыру мақсатында Қор негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізуде. Былтырғы жылы онлайн қызметтерді көрсету, өтінімдерді қарау мерзімдерін жылдамдату және клиенттер үшін қосымша қолайлы жағдайларды жасау үшін online.damu.kz порталы ашылды. Порталда кәсіпкерлер мыналарды жүзеге асыра алады:

- жаңа жобаның мемлекеттік қолдауды алуға лайықтылығын/ мүмкіндігін тексеру (сала/аймақ);
- субсидиялау, кепілдендіру және жеңілдікпен несиелендіру бойынша мемлекеттік қолдауға онлайн-режимде өтінім беру.

Былтырғы жылдың ішінде отандық кәсіпкерлерді қолдау үшін 67,5 млрд теңге, соның ішінде АДБ желісі бойынша 35,3 млрд теңге тартылды.

Мемлекеттік қолдау шараларына ие болған кәсіпкерлер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосады. Атап айтқанда, 2018 жылы Қор қолдау көрсеткен кәсіпкерлер 5,5 трлн теңгеге өнім шығарды (жылдық жиынтық табыс), 443 млрд теңге салық төледі және 8,7 мың жұмыс орнын құрды.

2020 жылы Қор микроқаржылық ұйымдар арқылы микронесиелендіру, лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру және Исламдық қаржыландыру сияқты қаржыландырудың балама түрлерін дамыту бойынша жұмысты жалғастырмақ.

Сонымен қатар, Қор секьюритизациялау механизмін қолдано отырып жасалатын мәмілелер мен «Астана» Халықаралық қаржылық орталығының биржасында «жасыл» облигацияларды шығару сияқты Қорды қорландырудың балама түрлерін жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

# 01

## ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРИ» АҚ (ОДАН ӘРІ – ҚОР) – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖОЛЫМЕН САПАЛЫ ДАМУДЫ МАҚСАТ ЕТКЕН ҰЛТТЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТЫ.

Қор кәсіпкерлер үшін өнімдер мен қызметтің мынадай ауқымды түрін ұсынады: екінші деңгейлі банктер арқылы (одан әрі – ЕДБ) несиелеу бағдарламалары аясында қаржыландыру, микроқаржы ұйымдары (одан әрі – МҚҰ), лизинг компаниялары (одан әрі – ЛК) және басқа да заңды тұлғалар арқылы несиелер жөніндегі сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, несиелерді кепілдендіру, кеңес беруді қолдау, ақпараттық талдама материалдарын тарату.

## БІЗДІҢ БИЗНЕС-ҮЛГІМІЗ



BAITEREK



DAMU



ҚАРЖЫЛЫҚ  
ҚОЛДАУ



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС  
ҚОЛДАУ

МИКРО-, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК  
СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУ



DAMU

МИКРО-, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК  
СУБЪЕКТІЛЕРІ




## 1.1. ҚОРДЫҢ ТАРИХЫ

- Қордың құрылуы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» № 665 қаулысы<sup>1)</sup>)
- 2002 жылдан бастап шағын бизнесті өз қаражаттарынан тікелей несиелендіру: «Республикалық бюджет қаражаттарының есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіру бағдарламасы» және «2004–2006 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту бағдарламасы» іске асырылды
- 2005 жылдан бастап жобалық қаржыландыру және лизинг бағдарламаларын, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейдегі банктерден алатын несиелерін кепілдендіру бағдарламасын іске асыру арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыру
- 2007 жылдан бастап Отандық тауар өндірушілерді қолдау бойынша іс-шаралар бағдарламасы, сондай-ақ Азия Даму Банкі мен Еуропа қайта құру және даму банкінің несиелері бойынша мемлекеттік бюджет қаражаттарын пайдаланудың есебін жүргізу және бақылау жөніндегі агенттің функциясын жүзеге асыру
- 2007 жылдан бастап тартылған және меншіктегі қаражаттардың есебінен қаражаттарды шарттасып орналастыру жөніндегі оператордың функцияларын жүзеге асыру
- 2010 жылдан бастап Қор кәсіпкерлердің несиелері/лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың және банктердің/лизингтік компаниялардың алдында кәсіпкерлердің несиелерін кепілдендірудің қаржы агенті болып табылады
- 2013 жылы Жалғыз акционер – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ауысуы
- 2016 жылы Қор 2017–2021 жылдарға арналған өнімді жұмысбастылықты және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы жөніндегі Қаржы агенті болып сайланды
- 2017 жылы Қордың 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы өзектендірілді
- 2018 жылы Қор «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында облигациялардың алғашқы шығарылымын жүзеге асырды

<sup>1)</sup> Қордың бұрынғы атауы: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ.

## 1.2. ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАҒРАФИЯСЫ

Қор Қазақстанның барлық аймағында жұмыс істейді. Өңірлік торап барлық облыс орталығындағы, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы 17 филиалдан және Семей мен Жаңаөзен қалаларындағы 2 өңірлік орталықтан тұрады.



2019 жылы:

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ  
6 479

ЖОБАСЫ ҚОРДЫҢ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША  
ЕДБ/МҚҰ/ЛК МАҚҰЛДАУЫНА  
ДЕЙІН СҮЙЕМЕЛДЕНДІ

36 137

КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТІ  
ЖАҒАДАН БАСТАП КЕЛЕ  
ЖАТҚАН ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕП  
ЖАТҚАН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ  
КӨРСЕТІЛДІ

## 1.3. ҚОРДЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

### ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ

Қордың миссиясы кешенді және тиімді қолдау құралдары арқылы Қазақстандағы микро-, шағын және орта кәсіпкерліктің тұрақты микро-, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі дамуындағы белсенді әрекеті болып табылады.

### ҚОРДЫҢ ПАЙЫМЫ

Қордың 2023 жылға қарай пайымы – ұлттық даму институты – микро-, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі бағдарламалардың бастамашысы және іске асырушысы.

### ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Қордың даму стратегиясы Қазақстандағы микро-, шағын және орта кәсіпкерлік секторын дамытуға бағытталған және мемлекеттік, сондай-ақ жекеменшік микро-, шағын және орта кәсіпкерлік бағдарламаларын (одан әрі – МШОК) дамытудың сәтті тәжірибелері мен тиімді жүзеге асырылуын қаперде ұстайды. Қордың микро-, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауда 20-жылдан астам тәжірибесі мен алдағы мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу мен даму Стратегиясын тиімді жүргізуді арттыруда қолданылатын басқа да күшті жақтары бар.


«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Даму стратегиясы (бұдан әрі – Қордың Даму стратегиясы) Қордың Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 3 шілдедегі шешімімен бекітілді.

#### ҚОРДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ


| СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР   | СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР   |
|---|--|
| Жаңадан бастаған және жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қолдау және дамыту | Микробизнесті несиелеуді кеңейту, МҚҰ мен несие серіктестіктерін қолдаудың құралдарын әзірлеу және іске асыру<br>Жұмыс істейтін МШОК-тың Қордың қаржылық бағдарламаларына қатысуын ұлғайту<br>МШОК-тың қолдауға ие кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыру |
| Қордың тұрақты институционалдық дамуы                                 | Қосымша қаржыландыру көздерін тарту<br>Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарлы деңгейіне жету<br>Бизнес-процестерді автоматтандыру<br>Корпоративтік басқару деңгейін арттыру   |

2019 жылғы сәуір айында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Тұрақты даму саласындағы саясат (бұдан әрі – Саясат) бекітілді. Саясат, сонымен бірге БҰҰ Ғаламдық шартының талаптарын, БҰҰ Жауапты инвестициялау қағидаларын, АА 1000 Стандарттар Топтамасын, ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкерлік жөніндегі нұсқаулық» Халықаралық стандартын, Есептілік жөніндегі ғаламдық бастама саласындағы Есептілік стандарттарын (GRI стандарттары) ескере отырып әзірленді. Тұрақты даму саласындағы міндеттерін шеше отырып, Қор өзінің пайымына, Қордың Даму стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаларын пайдаланады.

Тұрақты даму қағидаларын Қордың қызметіне интеграциялау аясында 2020 жылы Қордың тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Қордың Даму стратегиясын өзектендіру жоспарлануда.



Ақмола облысы, «Samhat аяқкиім фабрикасы» ЖШС  
Былғары аяқкиім өндіру жобасы  
Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды





# 02

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ТАЛДАУЫ. ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТҚАН КӘСІПКЕРЛЕР САНЫ 7,1%-ҒА АРТТЫ


1 330 МЫҢ

ШОК-ТЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАНДАРДЫҢ САНЫ 4,0%-ҒА ӨСТІ

3 399 МЫҢ

2019 жылы Қазақстанда тіркеуге алынған шағын және орта кәсіпкерлік (одан әрі – ШОК) субъектілерінің саны 2,2%-ға өсіп, 1 604 мың бірлікке жетті. Оның үстіне олардың еліміздегі шаруашылық субъектілерінің жалпы санындағы мөлшері 96,4%-ға дейін өсті. Жұмыс істейтін кәсіпкерлер саны 7,1%-ға артты.

### ҚР ТІРКЕУГЕ АЛЫНҒАН ШОК СУБЪЕКТІЛЕРІ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ




■ Тіркелген ШОК субъектілері, мың бірл.  
 ■ Әрекеттегі ШОК субъектілері, мың бірл.  
 ■ Шар. субъектілердің жалпы санындағы ШОК субъектілерінің үлесі, %

Дереккөзі: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2019 жылдың соңына қарай жұмыспен қамтылған халық саны 8 780 мың адамға жетті. Бұл ретте ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың саны – 2020 жылдың 1 қаңтарында – 3 399 мың адамға жеткен (барлық жұмыспен қамтылғандардың 38,7%). Былтырғы жылмен салыстырғанда ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың саны 4,0%-ға өсті («ҚР-ғы жұмыспен қамтылған халық санының динамикасы» кестесін қараңыз).

**ҚР-ҒЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ**



Дереккөзі: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz).

**ҚР ШОК-ҒИ ЖІӨ МЕН ӨНІМ ШЫҒАРУЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ**



\*2019 жылдың 9 айының ішіндегі деректер бойынша ҚР ЖІӨ-гі ШОК үлесі  
Дереккөзі: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz).

Соңғы 8 жылда Қазақстанның ІЖӨ өсімі айқын байқалады. 2019 жылы Қазақстанның ІЖӨ-і 4,5%-ға өсіп, 68 639 млрд теңгені құрады. Тауар өндірісі ІЖӨ-нің 37,2%-ын қалыптастырды (оның 27,2%-ы – өнеркәсіп өндірісі), қызмет көрсету – 55,4%, өнім салығы – 7,4%.

ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2019 жылғы ШОК өнімдерінің шығарылымы 31 203 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда бұл көрсеткіш (салыстырмалы баға бойынша) 11,9%-ға өскен. 2019 жылы ШОК өнімдерінің жалпы көлемінің 69,2%-ын шағын кәсіпорындар, 19,2%-ын – орта кәсіпорындар және тағы да 11,6%-ын – жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары шығарған. ШОК жалпы қосымша құнының 2019 жылдың 9 айының ішінде ІЖӨ-дегі үлесі 29,5% болды («ҚР ШОК-ң ЖІӨ мен өнім шығаруының динамикасы» кестесін қараңыз).

**Кәсіпкерлікті несиелендіру көрсеткіштері және несиелендірудегі Қордың үлесі**

Жалпы 2019 жылы банктік несиелендіру көлемдері 12,9%-ға, 15,2 трлн теңгеге дейін көбейді. Кәсіпкерлік мақсаттарға берілген несиелердің сомасы бойынша өсімнің аса жоғары болмағанына қарамастан кәсіпкерлік мақсаттарға берілген несиелер үлесінің 5,3 п.т. төмендегені байқалады. Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелердің сомасы сондай-ақ былтырғы жылмен салыстырғанда 3,9% төмендегенін көрсетіп отыр.

2019 жылы Қор ЕДБ, ЛК, МҚҰ қаражаттарды шарттасып орналастыру, кәсіпкерлердің несиелері жөніндегі пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламасын жүзеге асыруды ұсынды.

Жалпы өткен жылы Қордың бағдарламаларына қатысқан жеке кәсіпкерлік субъектілері 612 млрд теңге несие алды. Кәсіпкерлік мақсатындағы банк несиелерінің жалпы көлемінің 6%-ы Қор бағдарламасына қатысушыларға тиді. Үлестің төмендігі ЕДБ несиелерінің 50%-ға жуығын алған сауда және құрылыс салалары Қор бағдарламалары бойынша несиеленетін экономиканың басым секторларына жатпайтындығына байланысты.

Экономиканың басым секторларын қаржыландыруға күш салынуынан Қордың салымын қарастырғанда оның 10,9%-ға дейін ұлғайғаны байқалды, ол өткен жылғы көрсеткіштен 0,6 тармақтық пайызға жоғары.

Өңдеуші өнеркәсіптегі Қор несиелерінің үлесі төмендеп, былтырғы жылдың деңгейінде сақталып қалды және 14,0% құрады. Бұл ретте Өңдеуші өнеркәсіп саласында Қордың берген несиелерінің сомасы бойынша 2018 жылмен салыстырғанда 34 млрд теңгеге өсім байқалып отыр.


Экономиканың басым секторларында, соның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте берілген несиелер сомасының өсуіне басым жобаларды («Қарапайым заттар экономикасы») жеңілдікпен несиелендіру механизмін іске асырудың басталуы себепші болып отыр.

**ӨҢДЕУШІ ӨНЕРКӘСІПТЕГІ ЖОБАЛАРҒА БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

**ЭКОНОМИКА МЕН ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ НЕСИЕЛЕНДІРУДІҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КӨЛЕМДЕРІ**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz).

**ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСЫМ СЕКТОРЛАРЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРҒА БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ШОК КЕЛЕШЕГІ

COVID-19 коронавирусы індеті Қазақстанда да, әлемнің басқа мемлекеттерінде де қабылданған превентивті және карантиндік шаралардың нәтижелерінде өндірістің-өткізу тізбектерінің үзілуіне және іскерлік белсенділіктің төмендеуіне алып келді. Ең көп зиян шеккен салалардың ішінде мыналар бар: авиациялық индустрия, туристік сала, қызмет көрсету саласы, сауда саласы. Туризм, сауда және қызмет көрсетулер саласының өзі 1,3 млн-нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған ШОКС жалпы санының 50%-дан асады.

ОПЕК+ қатысушы-мемлекеттерінің мұнай өндіруді өз еркімен азайту туралы келісімін бұзуының салдарынан мұнай бағасының арзандауы қор индекстерінің төмендеуіне және мұнайды экспорттаушы мемлекеттер валютасының әлсіреуіне алып келді. Мұнай өндірудің айтарлықтай жоғарылуы және коронавирус індеті жағдайында сұраныстың әлсіреуі мұнай бағасының бұдан әрі арзандауына алып келеді. Бұл энергия тасымалдағыш бағасына тәуелді мемлекеттердің өсу қарқынына әсер етеді. ОПЕК+ қатысушы-мемлекеттерінің мұнай өндіруді азайту туралы жаңа келісімді жасауына қарамастан Халықаралық энергетикалық агенттіктің деректері бойынша әлем бойынша

2020 жылдың 2 тоқсанының басында мұнайды артығымен ұсыну көлемі тәулігіне 20 млн барр. асып кеткен. Мұнай сақтауға арналған қолжетімді қуаттар таусылу үстінде.

2020 жылы туындаған дүниежүзілік сын-тегеуріндерге байланысты ҚР Ұлттық экономика министрлігі экономиканы дамытудың басты сценарийі ретінде 2020 жылдың сәуір-желтоқсан айларындағы мұнайдың бағасы әр баррелі үшін 20 АҚШ доллары мөлшеріндегі орташа болған сценарийді қолданды. Бұл сценарийде экономика 0,9%-ға төмендемек.

ҚР Үкіметі экономикалық белсенділікті ынталандыратын бірқатар дағдарысқа қарсы шараларды қабылдады. Бұл шаралар макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды, оған қоса ақша-несие саясатының құралдарын, нақты экономика секторы мен ШОК қолдау, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру бойынша нүктелік шараларды қамтиды.

Макроэкономикалық тұрақтылыққа:

- инфляция деңгейін біртіндеп төмендету және бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ету, олардың негізсіз өсуіне жол бермеу, тарифтік саясатты реттеу тәсілдерін жетілдіру, сондай-ақ жасанды тапшылықты, бағалық сөз байласуды және жосықсыз бәсекелестікті құру мүмкіндігін жою болжалды ақша-несие саясатын жүргізу;
- экспорттық әлеует пен еңбек өнімділігін арттыру, кешенді ақпараттық-технологиялық платформаларды енгізу, кәсіпорындардың энергия үнемдеуіне, энергия тиімділігіне, экологиялықлығына қойылатын талаптарды жоғарылату, «жасыл» технологияларға инвестиция салуға ынталандыру арқылы негізгі салаларды ауқымды технологиялық жаңарту арқылы қол жеткізілетін болады;
- мемлекеттік қолдау құралдарын дамытумен, инвестициялық заңнама мен институционалдық ортаны жетілдірумен, сондай-ақ рентабельді жобалар мен бәсекеге қабілетті кәсіпорындарға бағдарланумен инвестицияларды ынталандыру арқылы қол жеткізілетін болады.



# 03

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



ЖАҢАДАН БАСТАП  
КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖӘНЕ  
ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТҚАН  
КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ  
КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ДАМУ



ТҰРАҚТЫ  
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ  
ДАМУ

Өз миссиясы мен пайымын іске асыру мақсатында Қор дамудың екі негізгі стратегиялық бағыты бойынша жұмыс жүргізеді, атап айтқанда жаңадан бастап келе жатқан және жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді және дамытады, сондай-ақ тұрақты институционалдық даму мәселелерін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Осы стратегиялық бағыттардың аясында микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері ЕДБ, МҚҰ және ЛК арқылы қаржыландырылады, сыйақы мөлшерлемелері субсидияланады және несиелер кепілдендіріледі, қосымша қаржыландыру көздерінің қаражаттары тартылады, бизнес-процестер автоматтандырылады, кәсіпкерлердің жобаларын сүйемелдеу бойынша жұмыс жүргізіледі, халықаралық ынтымақтастық мәселелері пысықталады, ақпараттық белсенділік дамытылады.

### 3.1. КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

2019 жылдың ішінде қаражаттарды ЕДБ, МҚҰ және ЛК шарттасып орналастыру бағдарламалары бойынша шамамен **239,5 млрд теңге** жалпы несиелер сомасына 18 933 қарыз алушы қаржыландырылды.

2019 жылдың ішінде Қор ЕДБ/қаржы ұйымдарында қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламалары/өнімдері бойынша **84,0 млрд теңге**, оның ішінде МҚҰ-да – 6,0 млрд теңге көлеміндегі қаражаттарды орналастырды.

Қызметтің осы бағытының шегінде маңызды міндет қаражаттарды, соның ішінде мемлекеттік емес көздерден қаражаттарды ШОКС несиелендіру мақсатымен қаржы институттарында қаражаттарды кейіннен шарттасып орналастыру үшін тарту болып табылады.

### Бюджет қаржысын тарту және орналастыру

2019 жылы Қор «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (одан әрі – «Еңбек» бағдарламасы) жүзеге асыруды ұсынып, соның аясында **12,86 млрд теңге** көлеміндегі облыстық бюджет қаржысы тартылды, оның 15 млрд теңгесі 14 ЕДБ-ға/МҚҰ-ға (2018 жылы орналастырылмаған қаржы есепке алынды) орналастырылды. 2019 жылы бағдарлама бойынша аталған бағдарлама аясында бөлінген револьверлі төлемдер ескеріліп, 1 851 МШОК субъектісі жалпы құны **22,7 млрд теңгеге** қаржыландырылды.

2019 жылы Қор өңірлік ШОК-ты облыстық бюджет қаржысымен қоса қаржыландыру Бағдарламасын жүзеге асыруды ұсынды. Мәселен, 2019 жылы 6 әкімшіліктен жалпы құны **2,575 млрд теңге** қаржы тартылып, ол «Самұрық-Қазына» АҚ және Қордың өзінің жалпы құны 6,2 млрд теңге қаржысымен қоса қаржыландырылатын жағдайда ЕДБ-ға орналастырылды. 2019 жылы қосымша қаржыландыру бағдарламасы бойынша аталған бағдарлама аясында бөлінген револьверлі төлемдер ескеріліп, 489 ШОК субъектісі **20,4 млрд теңгеге** қаржыландырылды.

Бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қор қаражаттарының есебінен (2014–2015 жж. бөлінген 200 млрд теңге) Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі Мемлекеттік комиссиясының шешімдерінің негізінде Қор өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін ШОКС жобаларын, соның ішінде экспортқа бағытталған жобаларды қаржыландыруға жұмсауға көзделіп отырған **14,7 млрд теңгені** қайталама пайдалану шегінде 3 ЕДБ арасында үлестірді. 2019 жылы осы бағдарламалар бойынша аталған бағдарламалар аясында бұрын бөлінген қаражаттар бойынша револьверлік төлемдерді ескере отырып **102,0 млрд теңге** сомасына 508 ШОК субъектісі қаржыландырылды.



**Қарағанды облысы, «Іңкәр-1» ЖШС**  
Металлургия және тау-кен өндірісі өнеркәсіптерінде пайдаланылатын ірі габаритті жабдыққа жөндеу қызметтерін көрсету және техникалық қызмет көрсету жобасы  
Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды

### Халықаралық қаржы ұйымдарының қаржысын тарту және орналастыру

Азия Даму Банкімен ынтымақтастық аясында Қор Азия Даму Банкінің жалпы сомасы **35,3 млрд теңгені** құрайтын қаржысын тартты. Бұл қаржы МШОК жобаларын кейіннен қаржыландыру үшін ЕДБ/МҚҰ орналастырылды. 2019 жылдың ішінде бағдарлама бойынша бұрын аталған бағдарлама бойынша бөлінген қаржы бойынша револьверлік төлемдерді ескере отырып, **43,7 млрд теңге** жалпы сомасына МШОК 15 361 субъектісі қаржыландырылды.

Сондай-ақ 2019 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін Қор кепілдігімен **8,6 млрд теңге** көлемінде Еуропа қайта құру және даму банкінің қаржысы тартылды (2018 жылдың келісімдері бойынша транштар). 2019 жылдың ішінде бағдарлама бойынша бөлінген қаржы бойынша револьверлік төлемдерді ескере отырып, **16,5 млрд теңге** жалпы сомасына ШОК 310 субъектісі қаржыландырылды.

Қордың Даму стратегиясын іске асыру аясында 2019 жылы келесі іс-шаралар жүргізілді:

- 1) Зияткерлік меншік объектілерін құрумен/сатып алумен және франчайзинг сұлбаларын пайдаланумен байланысты микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мәмілелерін қаржыландыру бойынша қаржыны шарттасып орналастырудың жаңа бағдарламасы әзірленді. Бұл құрал жаңадан бастап келе жатқан және жұмыс істеп жатқан бизнестің жаңа бағыттарын франчайзинг сұлбаларын, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін құруды/сатып алуды (тауар белгісін, материалдық емес активті құруды/сатып алуды және тіркеуді, патент/лицензия алуды, өнертабысқа, өндіріс құпияларына және селекциялық жетістіктерге және т. б. авторлық құқықтық тіркеуді) пайдаланып сапалы дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған. Осы өнімді ілгері шығару мақсатында Қор ЕДБ-мен өнімді өткізуге қатысуын талқылады, алайда ЕДБ қаржыландыру үшін ШОКС жобаларының болмауы себебінен қазіргі кезде қызығушылықтың жоқтығын айтты.
- 2) Бір жылдың ішінде қаржы қаражаттарын соңғы қарыз алушыларға дейін секьюритилендіру сұлбасы арқылы баламалы жеткізу механизмін зерттеу және оны енгізуге дайындалу бойынша жұмыс жүргізілді: Қор өкілдерінің Банк (Ресей) ШОК тағылымдамадан өтуі, секьюритилендіру мәмілесіне қатысушыларды анықтау, мәміленің алдын ала шарттарын анықтау, Қор мен Қордың Жалғыз акционері – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ішкі құжаттарын талдау және тиісті тәртіпке келтіру. Сондай-ақ ЕДБ-ге қамтамасыз ету, облигация шығару түрінде ШОК несие портфелін ұсыну және оларды Қордың сатып алу мәселелері және басқа да мәселелер жөнінде мемлекеттік және мүдделі ұйымдармен талқылау жүргізіліп, түсіндірмелер алынды. Нәтижесінде ЕДБ бірімен алдын ала мәміле шарттары бар келісімге қол қойылды (Term-sheet), жоспарланған мәмілеге кейбір қатысушылармен құпия ақпаратты жария етпеу туралы шарттар жасалды, Қордың меншікті қаражаттарының 5,0 млрд теңгенің мөлшерінде бірінші мәміле ресурстарының көлемі анықталды.
- 3) 2019 жылдың ішінде қаражаттарды шарттасып орналастырудың белсенді бағдарламалары қайта бағдарланды:
  - мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаттарынан әзірленген бағдарламалары (ҰҚ 1, 2, 3 транштары) тамақ өнеркәсібі жобаларын және экспортты дамытуға бағытталған жобаларды сомасын шектеусіз қаржыландыруды көздейді;

- Қордың «Даму-Лизинг» өнімі кәсіпкерлердің қамтылу шеңберін кеңейту және лизингтік мәмілелер бойынша несиелердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында аванстық төлемнің мөлшері ШОКС-ң бастапқы жарна ретінде салатын лизинг затының құнының 20% дейін азайтылды және ШОКС қарызы бойынша сома 500 млн теңгеге дейін көбейтілді.
- 4) Қаражаттарды шарттасып орналастыру құралы бойынша тұрақты даму қағидаларын енгізу аясында Қордың Серіктестерімен жасалатын несие келісімдерінің нысандары өзектендірілді.
  - 5) Одан басқа, Қор 2019 жылдың ішінде исламдық қаржыландыру қағидаларымен ШОК субъектілерін қаржыландыру құралын іске асыру мақсатында Жекеменшік секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының (Islamic Corporation for the Development of the Private Sector) қаржысын тарту бойынша жұмыс жүргізді. Алайда, қаржы тарту шарттарының тиімсіз болу себебінен мәміле жасалған жоқ. Қор инвесторлармен жұмысын жалғастыруда және ШОК субъектілерін исламдық қаржыландыру қағидаларымен қаржыландыру құралы 2020 жылы іске асырылады деп жоспарланып отыр.



**Маңғыстау облысы, «Экзотикалық құстар әлемі» ЖШС**  
Фермерлік туризмді дамыту жобасы  
Компания «Нұр-Капитал» Маңғыстау облысы ШОКС аймақтық қаржыландыру бағдарламасы аясында қаржыландырылды

**Субсидиялау.**

«БЖК-2020» аясында сыйақы мөлшерін субсидиялау жүзеге асырылды. «БЖК-2020» жүзеге асырылған кезеңде субсидиялау құралы кәсіпкерлер арасында танымалдылыққа ие болды, экономиканың басым секторларына несие тарту тұрғысында өзінің нәтижелілігін көрсетті.

Экономиканы диверсификациялау, өндіріс көлемінің өсу қарқынын арттыру, өнімнің құнын төмендету, яғни қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту және жұмыс істету мақсатында теңгенің ұзақ мерзімді өтімділігін қамтамасыз ету бойынша басым жобаларды несиелеудің механизмі жүзеге асырылды: 2018–2020 жылдардағы ЕДБ-ның өз қызметін қайта өңдеу және агроөнеркәсіп саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға бөлген қаржысы 600 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте осы Механизм аясында субсидиялау үшін республикалық бюджеттен 30 млрд теңге бөлінді.

2019 жылы Қор субсидиялау құралы бойынша қолдау көрсетті:

- 1) «БЖК-2020» аясында несие портфелі 154,768 млрд теңге сомасына 2 402 жобаға қолдау көрсетіліп, бөлінген субсидия көлемі 32,9 млрд теңгені құрады;
- 2) Басым жобаларды несиелендіру механизмінің аясында 64,580 млрд теңге несие портфелі сомасына 171 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 1,119 млрд теңгені құрады;
- 3) «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында несие портфелі 49,697 млрд теңге сомасына 47 жобаға қолдау көрсетіліп, төленген субсидия көлемі 2,3 млрд теңгені құрады;
- 4) «Қазақстан қалаларындағы «Төмен көміртекті дамытуға арналған орнықты қалалар» энергоқызмет бастамасын қолдау бағдарламасы аясында несие портфелі 742 млн теңге сомасына 27 жобаға қолдау көрсетілді, бөлінген субсидия көлемі – 123,4 млн теңге.

**Кепілдік беру.**

2019 жылы Қор кепілдік беру құралы бойынша қолдау көрсетті:

- 1) «БЖК-2020» аясында несие портфелі 74,565 млрд теңге сомасына 1 726 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік мөлшері 27,424 млрд теңгені құрады;
- 2) «Еңбек» бағдарламасы бойынша несие портфелі 7,758 млрд теңге сомасына 657 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік мөлшері – 3,642 млрд теңге;
- 3) «Даму Оптима» бағдарламасы бойынша несие портфелі 13,666 млрд теңге сомасына 203 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік мөлшері 5,704 млрд теңге;
- 4) «Қазақстан қалаларындағы «Төмен көміртекті дамытуға арналған орнықты қалалар» энергоқызмет бастамасын қолдау бағдарламасы аясында несие портфелі 21 млн теңге сомасына 1 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік мөлшері 8 млн теңге.
- 5) басым жобаларды несиелендіру механизмінің аясында 6,73 млрд теңге несие портфелі сомасына 87 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы 2,72 млрд теңгені құрады.

2018 жылы «БЖК-2020», «Еңбек» Бағдарламасының аясында іске асырылған портфельдік кепілдендіру сондай-ақ 2019 жылы «Даму-Оптима» Кепілдендіру бағдарламасының аясында іске асырылған.

Портфельдік кепілдендірудің мәні қаржы серіктестеріне (ЕДБ, МҚҰ) әрбір жеке жобаны Қормен келісусіз Қор кепілдіктерін пайдалануға белгілі бір лимитті ұсыну болып табылады. Портфельдік кепілдендіру бойынша Қор қаржы серіктестеріне (ЕДБ, МҚҰ) қойылатын нақты критерийлер, ШОК арналған критерийлер анықталатын әдістемені әзірледі. Ол критерийлерді сақтаған жағдайда несие портфельдік кепілдендіру әдісімен берілуі мүмкін.

Бұл кепілдендіру әдісін Қор мен ЕДБ/МҚҰ арасында Портфельдік кепілдендіру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасалған жағдайда қолдануға болады.

Портфельдік кепілдендіру аясында келесі ЕДБ-мен Келісімдер жасалды:

- 1) «Сбербанк России» ЕБ АҚ
- 2) «АТФБанк» АҚ
- 3) «Еуразиялық банк» АҚ
- 4) «Нұрбанк» АҚ
- 5) «First Heartland Jýsan Bank» АҚ
- 6) «ВТБ Банк» ЕБ АҚ
- 7) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
- 8) «Банк ЦентрКредит» АҚ

2019 жылдың ішінде портфельдік кепілдендіру аясында 259 кепілдік шарты жасалды.

Бұл әдістің іске асырылуы МШОК үшін де, Қордың қаржы серіктестері (ЕДБ, МҚҰ) үшін де бірқатар мүмкіндіктерді ашады:

- кепіл жеткіліксіз болған жағдайда да несиелерге қолжетімділік;
- банк кепілдігімен несие алу жылдамдығын арттыру;

- кепілді бағалауға және рәсімдеуге уақыт шығынын азайту;
- басқа банктердің алдында бәсекелестікте артықшылыққа ие болу.

Сондай-ақ 2019 жылы кепілдендіру құралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы «Қолжетімді несиелендіру міндеттерін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларды несиелендіру механизміне енгізілді. Осы бағдарлама аясында кепілдендіру жеке кәсіпкерлік субъектілеріне 3 млрд теңгеге дейінгі жобалар бойынша 50%-ға дейінгі мөлшерде және 3 млрд теңгеден бастап 5 млрд теңгеге дейінгі жобалар бойынша 20% мөлшерінде беріледі.

ЕДБ-ң (Даму банкі қоспағанда) инвестицияларды және айналым қаражаттарын толықтыруға (соның ішінде жаңартылатын негізде) берілетін несиелер: агроөнеркәсіптік кешендегі және өңдеуші өнеркәсіптегі қайта өңдеу бойынша жобалар шегіндегі несиелер бойынша тауарлар тізбесіне сәйкес кепілдендіруге жатады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

|   | Нақты 2016 ж. | Нақты 2017 ж. | Нақты 2018 ж. | Жоспар 2019 ж. | Нақты 2019 ж. | Жоспар орынд. % |
|---|---------------|---------------|---------------|----------------|---------------|-----------------|
| <b>Қаржыны ЕДБ/МҚҰ/ЛК шарттасып орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру</b> |               |               |               |                |               |                 |
| Қатысушылар саны, бірл.   | 10 145        | 8 305         | 18 656        | 9 356          | 18 933        | 202%            |
| Қаржыландыру сомасы, млн теңге  | 247 275       | 230 469       | 272 912       | 187 550        | 239 508       | 128%            |
| <b>Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау</b>   |               |               |               |                |               |                 |
| Қатысушылар саны, бірл.   | 2 121         | 2 310         | 1 470         | 1 276          | 2 647         | 207%            |
| Несиелер сомасы, млн теңге  | 331 879       | 275 660       | 198 380       | –              | 269 786       | –               |
| <b>Несиелерді кепілдендіру</b>  |               |               |               |                |               |                 |
| Қатысушылар саны, бірл.   | 979           | 1317          | 1 950         | 2 100          | 2 674         | 127%            |
| Несиелер сомасы, млн теңге  | 27 474        | 42 845        | 65 455        | –              | 102 740       | –               |

## 3.2. ҚАРЖЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ

Қордың қаржы бағдарламалары аясындағы, сондай-ақ Қор мониторинг функциясын жүзеге асыратын агенттік келісімдер мен басқа да шарттар аясындағы жобалар мониторингі жөніндегі ақпарат.

| Мониторинг атауы  | Іс жүзінде тексерілгені (жобалардың саны) |              |              |              |              |
|---|---|--------------|--------------|--------------|--------------|
|   | 2015 ж.                                   | 2016 ж.      | 2017 ж.      | 2018 ж.      | 2019 ж.      |
| Қор қаражаттарды шарттасып орналастыру (17 бағдарлама) бағдарламасы аясындағы жобалардың мониторингі            | 947                                       | 226          | 2 334        | 1 238        | 1 548        |
| Қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы МШОК-ты қолдау бағдарламасы аясындағы жобалардың мониторингі (ҚР ҰҚ қаржысы) | 606                                       | 725          | 576          | 896          | 1 610        |
| БЖЗК (ҰҚ, БРК) жобаларының мониторингі жөніндегі агенттік келісім   | 0   | 0            | 777          | 737          | 321          |
| Субсидияланған жобалар мониторингі  | 1 792                                     | 3 068        | 2 595        | 2 339        | 2 793        |
| Кепілді жобалар мониторингі   | 440                                       | 1 170        | 989          | 1 131        | 2 257        |
| Гранттар мониторингі  | 193                                       | 406          | 183          | 522          | 523          |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b>  | <b>3 978</b>                              | <b>5 595</b> | <b>7 454</b> | <b>6 863</b> | <b>9 052</b> |

### Ескертулер/кінәраттар бойынша қабылданған шаралар

| Мониторингтің атауы   | Ескертулер/кінәраттар саны | Салынған айыппұл, млн теңге   |            | Алынған айыппұлдар, млн теңге |            | Қаржыны мақсатты пайдалану бойынша ескертулер, млн теңге |                | Орын толтыру, млн теңге |                |
|---|----------------------------|---|------------|-------------------------------|------------|--|----------------|-------------------------|----------------|
|   |                            | Саны  | Мөлшері    | Саны                          | Мөлшері    | Саны   | Мөлшері        | Саны                    | Мөлшері        |
| Қор қаражаттарды шарттасып орналастыру (17 бағдарлама) бағдарламасы аясындағы жобалардың мониторингі            | 29                         | 10  | 4,6        | 8                             | 3,4        | 29   | 1 253,9        | 27                      | 1 236,3        |
| Қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы МШОК-ты қолдау бағдарламасы аясындағы жобалардың мониторингі (ҚР ҰҚ қаржысы) | 24                         | 5   | 2,5        | 4                             | 1,04       | 24   | 1 972,2        | 22                      | 972,3          |
| БЖЗК (ҰҚ, БРК) жобаларының мониторингі  | 6                          | Мониторинг нәтижелері ҚР ҰБ-ға жіберілген   |            |                               |            |  |                |                         |                |
| Субсидияланған жобалар мониторингі  | 34                         | Субсидияланған жобалар бойынша анықталған кінәраттар  |            |                               |            |  |                |                         |                |
| Кепілді жобалар мониторингі   | 18                         | с.і. 11 кепілдік жоққа шығарылды және 7 жоба бойынша кепілдіктер мөлшері азайтылды                        |            |                               |            |  |                |                         |                |
| Гранттар мониторингі  | 215                        | Анықталған кінәраттар туралы ескерту Бағдарламаның Өңірлік үйлестірушісіне, Байқау комиссиясына жіберілді |            |                               |            |  |                |                         |                |
| <b>БАРЛЫҒЫ:</b>   | <b>326</b>                 | <b>15</b>   | <b>7,1</b> | <b>12</b>                     | <b>4,4</b> | <b>53</b>  | <b>3 226,1</b> | <b>49</b>               | <b>2 208,6</b> |


### Бағдарламалар тиімділігінің мониторингі

#### «Бизнесің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

«БЖК-2020»-ға қатысушы кәсіпорындар мен кәсіпкерлер туралы Қордың болжамды деректері бойынша 2020 жылдың 1 қаңтарындағы өнімдер шығарылымының мөлшері 25,0 трлн теңге, оның ішінде 2019 жылы – 6,0 трлн теңге болған.


«БЖК-2020» аясындағы пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау мен несиелерге кепілдік беру кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға ықпалдасады, әсіресе ол қазіргі экономикалық жағдайда көкейкесті болып табылады. Өз кезегінде кәсіпорын қызметін жақсарту есебінен бюджетке түсетін қаржы молайып, бағдарламалардың бюджеттік тиімділігі мен оның экономикалық негіздемесі жақсарады. 2019 жылдың 1 қаңтарында «БЖК-2020»-ға қатысушылар төлеген салықтың жалпы мөлшері 1,6 трлн теңге, оның ішінде болжамды деректер бойынша 2019 жылы 335 млрд теңгені құрайды.

#### «БЖК-2020»-ҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ШЫҒАРҒАН ӨНІМ, МЛРД ТЕҢГЕ




\* Алдын ала деректер бойынша

«БЖК-2020»-ҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ТӨЛЕГЕН САЛЫҚ, МЛРД ТЕҢГЕ



\* Алдын ала деректер бойынша

ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ЖӘНЕ САҚТАЛЫП ҚАЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ, ДАНА



■ Сақталған жұмыс орындары  
■ Құрылған жұмыс орындары

\* Алдын ала деректер бойынша

«БЖК-2020»-ның кәсіпкерлік секторын кеңінен қамтуы және ШОК субъектілерінің бағдарламаға қызығушылығының артуы оны жүзеге асырудың әлеуметтік тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді, әрі ол тұрғындарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету арқылы байқалады. Мәселен, «БЖК-2020»-ға қатысушылар 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін алдын ала 372 мың сәйкес жұмыс орындарын сақтап, қосымша 100 мың жаңа жұмыс орындарын ашқан.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржысы есебінен қайта өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК қолдау бағдарламасы

Қайта өңдеу өнеркәсібі саласының ШОК қолдау бағдарламасына Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржысы есебінен қатысушы кәсіпорындардың табысы 2014–2019 жылдардың ішінде шамамен 4,4 трлн теңгені, соның ішінде алдын ала деректер бойынша 2019 жылдың ішінде – 1,0 трлн теңгені құрайды.

Аталған бағдарлама аясында қаржылық қолдау алған кәсіпкерлер 2014–2019 жылдары 285 млрд теңге көлемінде салық төлеген. Соның ішінде алдын ала деректер бойынша 2019 жылдың ішінде – 60 млрд теңге төлейді.

Қолдау көрсетілген кәсіпорындар 2014–2019 жылдардың ішінде шамамен 18,4 мың, соның ішінде 2019 жылдың ішінде кемінде 500 бірл. жұмыс орнын құрды.



Жамбыл облысы, «Аса Damu» ЖШС  
Аралас, ет-жұмыртқа өндірісі

28 Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды

3.3. ПРОБЛЕМАЛЫҚ АКТИВТЕРДІҢ АЗАЮЫ

01.01.2019 жылғы проблемалық активтер мөлшері – 30,3 млрд теңге.

- 1) тікелей қаржыландыру портфелі (2004-тен 2008 жылдар аралығындағы заемдар мен лизингтер беру жолымен тікелей қаржыландырылған жобалар) 8,94 млрд теңгені құрады;
- 2) кепілдікті орындау – 0,906 млрд теңге;
- 3) «Delta Bank» АҚ-нан қабылданған портфель – 0,588 млрд теңге;
- 4) басқа дебиторлық берешектер (қаржылық және шаруашылық қызмет жөніндегі дебиторлық берешектер) 3,91 млрд теңгені құрады;
- 5) екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) берешегі 16,0 млрд теңге:
  - «Delta Bank» АҚ – 6,2 млрд теңге;
  - «Қазинвестбанк» АҚ – 9,8 млрд теңге;
  - «Эксимбанк» АҚ – 0,041 млрд теңге.

2019 жылғы 30,3 млрд теңге көлеміндегі проблемалық активтердің жалпы көлемінен проблемалық активтерді 2,386 млрд теңгеге (140% артық мөлшер) азайту қамтамасыз етілді, оның ішінде:

- 1) Қаржылай 0,983 млрд теңге өтелді, оның ішінде:
  - 0,356 млрд теңге – «DeltaBank» АҚ-дан берілген жобалар (қамтамасыз етілмейтін несиелер);
  - 0,387 млрд теңге – тікелей қаржыландырылған жобалар (тікелей портфель бойынша 0,259 млрд теңге 460 қарыз алушыға және 0,128 млрд теңге 100 қарыз алушы бойынша орындалған кепілдіктер бойынша);
  - 0,189 млрд теңге – «Қазинвестбанк» АҚ бойынша өтеу;
  - 0,051 млрд теңге – субсидияларды қайтару қамтамасыз етілді;
- 2) 1,403 млрд теңгенің проблемалық берешегі өтелді (тікелей қаржыландыру портфелі және дебиторлық берешектер бойынша).

Барлығы 2019 жылы жоспардағы 1,696 млрд теңгенің орнына 2,386 млрд теңге проблемалық берешекті азайту қамтамасыз етілді (0,983 млрд теңге қаржылай + 1,403 млрд теңге кешіру арқылы), асыра орындалуы 140%.

ҚОРЫТЫНДЫ КӨРСЕТКІШТЕР (МЛРД ТЕҢГЕ)

| № | Проблемалық актив                                     | Жоспар | Нақты | Орындау % |
|---|---|--------|-------|-----------|
| 1 | Тікелей қаржыландыру портфелі және дебиторлық берешек | 1,696  | 2,030 | 140%      |
| 2 | «DeltaBank» АҚ-дан қабылданған портфель               |        | 0,356 |           |
|   | Барлығы   | 1,696  | 2,386 |           |





### 3.4. КЛИЕНТТІК СЕРВИС

Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар 2019 жылы Қор оқыту бағдарламаларын іске асыру және кәсіпкерлерге кеңес беру арқылы қолдау көрсету бойынша жұмысын жалғастырды.

2019 жылы «Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтықтан қолдау» жобасының аясында edu.damu.kz веб-платформасының негізінде 7 972 адам оқудан өткізілді.

Есептік кезеңнің соңына қарай «БЖК-2020» аясында іске асырылатын «ШОК топ-менеджментін оқыту» компонентінің шегіндегі тыңдаушылар саны 3 381 кәсіпкерді құрады, соның ішінде 2019 жылы 432 адам оқудан өткізілді.

2019 жылы Өңірлік филиалдар 28 227 клиентке қызмет көрсетіп, оларға 36 137 кеңес берді.

Сүйемелденген жобалар тұрғысында 2019 жылдың қорытындылары бойынша Өңірлік филиалдар ЕДБ/ЛК/МҚҰ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қор құралдары бойынша қаржылық қолдау алуға өтінімдерін мақұлдағанға дейін 6 479 жоба сүйемелденді.

2019 жылы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрған/құратын бизнеске мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша инфрақұрылымдық кешеннің атауында қайталануға жол бермеу және Қордың іске асыратын Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына қатысуға клиенттерді тарту бойынша жұмысты күшейту үшін Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының жұмысын қайта пішіндеу бойынша жұмыс жүргізілді. 2019 жылдың қараша айынан бастап Қор «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» атауынан толығымен бас тартты.

Сонымен бірге, жеке кәсіпкерлік субъектілерін тарту және олардың жобаларын Қор іске асыратын бағдарламалар бойынша қаржыландыруға өтінімдерді ЕДБ, МҚҰ және/немесе ЛК мақұлдағанға дейін сүйемелдеу бойынша жұмыс күшейтілді. 2019 жылы ЕДБ, МҚҰ және/немесе ЛК мақұлдағанға дейін 6 479 жоба сүйемелденді.

### EDU.DAMU.KZ ВЕБ-ПЛАТФОРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

7 972  
АДАМ ОҚУДАН ӨТТІ

2019 жылы қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, әрі қарай жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін қызмет көрсету сапасын бағалаудың жаңа жолдары енгізілді.

Мәселен, Қордың damu.kz корпоративтік сайтында «Менеджерлер» жаңа бөлімі әзірленді және орналастырылды. Бөлімде тарту жөніндегі әрекеттегі менеджерлер туралы ақпарат олардың фотосуреттерімен бірге орналастырылған. Әр менеджердің өз сәйкестендіру нөмірі бар. Одан басқа, бөлімде баға қою, тарту жөніндегі менеджер туралы пікір қалдыру мүмкіндігі бар. Берілген бағалар мен қалдырылған пікірлердің негізінде Қазақстан бойынша менеджерлер рейтингі қалыптастырылады. Бұл шара клиенттерден кері байланысты алуға, қызметтік лауазымын теріс пайдалану жағдайларын және алаяқтық жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді.

Клиенттердің көрсетілген қызметтер бойынша қанағаттанушылық деңгейін жеке бағалауға мүмкіндік беретін SMS-бағалау енгізілді.

Осылайша, Қор көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша жұмысын жалғастырып келе жатыр, және ол үшін офлайн және онлайн арналарды жұмылдыруда.

### Қашықтықтан оқыту.

«Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтықтан қолдау» жобасы аясындағы қашықтықтан оқыту ел аймағындағы тұрғындардың кәсіпкерліктегі өкілеттілігін арттыруға және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған.

Жаңадан бастаған кәсіпкерлерді қашықтықтан оқытудың мақсаты – кәсіпкерліктің негіздері бойынша қажетті білім беру және болашақ кәсіпкерлердің өз ісін ашу мүмкіндігін ынталандыру үшін бизнесті жүргізу машықтарын үйрету.

Кәсіпкерлерді қашықтықтан оқытудың мақсаты бизнес жүргізуге байланысты тәжірибелік машықтарды кеңейту және білімді тереңдету, оның ішінде сауда көлемін арттырудың маркетингтік тәсілдерін пайдалануды, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерін қадағалауды және сауда бөлімінің жұмысын құру мен басқару машықтарын жақсартуды үйрену болып табылады.

Қашықтықтан оқыту мүдделі адамдардың бәріне қай жерде тұратынына қарамастан өзінің кәсіби деңгейін көтеру мүмкіндігін береді. Бірден-бір шарт – ғаламтордың болуы ғана. Кәсіпкерлер мұндай оқу процесінде интерактивті режимде оқу-әдістемелік материалдарды өз бетінше игеріп, тәжірибелік тапсырмалар орындайды, тестілеуден өтеді. Тестен сүрінбей өткен жағдайда дәріс алушыларға оқудан өткені туралы сертификат беріледі.

Барлығы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 7 тақырыптамалық курс орналастырылды.

2019 жылы бұл жоба бойынша 7 972 адам дәріс алды, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 11% артық.

### ШОК топ-менеджментін сервистік қолдау мен оқытуды жүзеге асырудың мониторингі

Қор «Шағын және орта кәсіпкерлік топ-менеджментін оқыту» және «БЖК-2020» аясында «Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік қызметке сервистік қолдау көрсету» құралының мониторингі бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

2019 жылы ШОК топ-менеджментін оқыту аясында 432 адам дәріс алып, сервистік қолдау қызметіне 51 303 қызмет түрін алған 40 551 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жүгінді.

### Байланыс Орталығы

Сондай-ақ Қордың Байланыс Орталығы – кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың шағымдарын қарап, Қордың мүддесіне сәйкес оларды түрлі байланыс арналары арқылы ақпараттандыратын талдау орталығы да жұмысын жалғастыруда.

2019 жылы Байланыс Орталығының қызметкерлері 73 843 клиентке кеңес берді, олардың 52 842 (71,5%) жеке кәсіпкерлік субъектісі ВРМ жүйесіне 46 637 адам тіркелді. Өткізіп алынған қоңыраулардың үлесі – 1,3%-ды құрады.



Қызылорда облысы, «Ақорда капитал» ЖШС Ақталмаған күрішті қайта өңдеу және ажарланған күрішті сату жобасы Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды

### 3.5. ҚОРДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДАМУЫ

2019 жылы ішкі бизнес процестерді автоматтандыру жұмыстары одан әрі жалғастырылды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша автоматтандыру деңгейі 94%-ға жетіп, келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:


- 1) Online Damu интернет-порталы әзірленді және өнеркәсіптік қолданысқа енгізілді. Осылайша Қор барлық іске асырылатын қолдау құралдарын, соның ішінде мемлекеттік қызметтер шегінен тыс көрсетілетін қызметтерді (БҰҰДБ, Даму-Оптим, «Еңбек» Бағдарламасының шегінде несиелер бойынша кепілдіктер және т. б.) цифрлық пішімге ауыстыру мақсатымен қаржылық супермаркет қағидасы бойынша Online Damu өз Интернет-порталын іске қосу бойынша стратегиялық бастаманы іске асырды. Online Damu интернет-порталы клиенттер үшін Интернет желісіндегі <https://online.damu.kz> мекенжайы бойынша қолжетімді болып табылады.
- 2) Қордың рейтингтік моделін автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді, бұл ретте жұмыстар бағдарламалық қамтамасыз етудің сервис ретінде пайдалану қағидалары бойынша жүргізілді. Бұл, өз кезегінде, міндетті іске асыруға және одан әрі сүйемелдеуге күрделі шығын жұмсауға, және автоматтандырылған рейтингтік модельдің сервисін дамытуға алып келген жоқ. Қордың рейтингтік моделі сапалық (бизнес-тәуекелді бағалау көрсеткіштерін, атап айтқанда іскерлік бедел, басқару сапасы және т. б. сол сияқты көрсеткіштерді) және сандық (қаржылық коэффициенттерден құралатын қаржылық тәуекелді бағалау көрсеткіштерін) талдаудың негізінде ұпайлар жиынтығын, қарыз алушының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі жақтарын бағалауды, сондай-ақ дефолт алды белгілерді талдауды білдіреді. Рейтингтік модельді енгізу және валидациялау нәтижелері алдағы уақытта Қорға шешім қабылдау кезеңдерінде машиналық оқыту құралдарын қолдануға және одан әрі дефолттық жобалар санын көбейтсүз мемлекеттік бағдарламалар аясында кепілдік беру мерзімдерін азайтуға мүмкіндік береді.  
 Рейтингтік модельдің жұмысының қорытынды нәтижесі дефолттың басталу ықтималдығын және халықаралық шкалаға баламалы рейтингтік разрядты (бағаны) анықтайтын қорытынды, болжалды рейтингті есептеу болып табылады. Қордағы рейтингтік модельдің жетілуінің ағымдағы кезеңінде алынған баға ұсынымдық сипатқа ие болып табылады, бірақ кепілдікті ұсыну бойынша шешім қабылдау кезеңінде несие комитеті назарға алып қойған.

- 3) Қордың электрондық құжат айналымы жүйесінде персоналды іріктеп алу және жалдау процесі жаңартылды, соның арқасында іріктеп алу үдерісі толығымен цифрлық пішімге ауыстырылды. Ашықтық пен ақпараттылық жоғарылатылды, сондай-ақ қағаз тасығышты пайдалану қажеттігі жойылды. Енгізілген түрленімдер персоналды іріктеп алуға өтінімнің бекітілген нысанын Қордың ресми интернет-ресурсындағы ізденушілердің пікірлерімен және Қордың кадрлық саясат жөніндегі алқалық органы қарайтын мәселемен біріктірді. Қордың кадрлық саясат жөніндегі комитетінің әрбір мүшесі мәселені қарау кезінде барлық ізденушілердің түйіндемелерімен таныса алады, ал әрбір ізденуші жұмыс туралы ұсыныс немесе Қордың ақпараттық жүйесінің ішінде өтетін үміткерді қарау және бағалау қорытындылары бойынша уәжді бас тартуды алады.
- 4) Қор кепілдіктеріне сұраныстың жоғары болуына байланысты іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың аясында кепілдіктерді ұсынуға өтінімдерді қарау бойынша автоматтандырылған процесс пысықталды және bpm'online sales ақпараттық жүйесінде портфельдік кепілдендіру процесі автоматтандырылды.
- 5) Тәуекел-менеджерлердің қорытынды жасауы үшін bpm'online sales ақпараттық жүйесінде кепілдендіруге өтінімдерді үлестіру функциясының автоматтандырылуы операция уақытын орта есеппен 10%-ға қысқартуға және бір штаттық бірлікті үлестіруге қатысуды толығымен болдырмауға мүмкіндік берді.
- 6) Несие тәуекелдерін басқарудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру мақсатында екінші деңгейдегі банктердің несиелерін ішінара кепілдендіру бағдарламасының аясында, start-up қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін 20 млн теңгеге дейінгі жобалар бойынша кепілдендіру құралы үшін тәуекел-менеджментті скорингтік бағалау іске асырылды. Скорингтік модельді енгізу жоба бойынша тәуекел-менеджменттің қорытындысын жасау уақытын 3 есе азайтуға мүмкіндік берді.
- 7) Баланстағы мүліктің есебін жүргізу процестерін, қарыз қаражаттарын тарту шарттарын, шарттасып орналастыру шарттарын, кезеңді күнделікті жабуды терең оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл Қордың есеп жүйесіндегі деректерді өзектендіруді қамтамасыз етті.

- 8) Екінші деңгейдегі банктердің Қорға мемлекеттік бағдарламалар аясында субсидияланатын қарыздар бойынша қарыз алушыларды қаржыландыру шарттарының өзгергені туралы уақытылы хабарламау жағдайларын болдырмау мақсатында хабарламаларды электрондық пішімге ауыстыру міндеті іске асырылды. Осы міндеттің аясында екінші деңгейдегі банктерден деректерді қабылдауға, оған қоса қаржыландыру шарттарын өзгертудің бес түрлі операциясы бойынша деректерді жіберуді пішімдік-логистикалық бақылауды қоса алғанда, екінші деңгейдегі банктерден деректерді қабылдауға арналған web-сервис әзірленді.
- 9) Android және iOS негізгі мобильдік платформалары үшін алғашқы рет «Damu» мобильдік қосымшасы әзірленді және іске қосылды. Мобильдік қосымшада Қордың бағдарламалары туралы ақпарат, жаңалықтар, іс-шаралар күнтізбесі, сондай-ақ ағымдағы субсидиялау шарттары, өтеу кестелері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты және субсидиялар қаражаттарын аудару туралы ақпаратты sms-хабарлама пішімінде алуға мүмкіндік беретін жеке кабинет келтірілген.

Бизнесінің үздіксіздік талаптарын, сондай-ақ Даму стратегиясын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарында көзделген ақпараттық жүйелердің жүйелі тестіленуін ескере отырып резервтік сақтау орындарын ұйымдастыру бойынша іс-шараны іске асыру аясында ІТ-инфрақұрылымды дамыту бағыты бойынша Қор сервистік тәсілдерді қолдану үрдістерін басшылыққа алады. Мәселен, Қордың қолданыстағы резервтік сақтау сервисіне тұтынатын портфельінде негізгі есептеу қуаттары тоқтаған жағдайда Қордың осындай ақпараттық жүйелерінің толық резервін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Disaster Recovery as a Service (сервис ретінде іркілісті қалпына келтіру) бизнес-сыни ақпараттық жүйелерге арналған шарт қосылды. Бұл Қордың ІТ-инфрақұрылымының қолжетімділік деңгейін айтарлықтай арттырады.

Бизнесінің үздіксіздік талаптарын, сондай-ақ Даму стратегиясын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарында көзделген ақпараттық жүйелердің жүйелі тестіленуін ескере отырып резервтік сақтау орындарын ұйымдастыру бойынша іс-шараны іске асыру аясында ІТ-инфрақұрылымды дамыту бағыты бойынша Қор сервистік тәсілдерді қолдану үрдістерін басшылыққа алады.





## 3.6. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

2019 жылы Қор халықаралық қаржы институттарымен және шетелдік ұйымдармен халықаралық байланысты белсенді жалғастырды.

Қазақстан Республикасында бірқатар серіктестермен: Әзірбайжан Республикасының KOBIA Шағын және орта бизнесті дамыту агенттігімен, Корея ШОК және KOSME стартаптары агенттігімен, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік кәсіпкерлік қызметті дамыту қорымен, «Кепілдік Қор» ААҚ-мен (Қырғызстан), Әзірбайжан Республикасының Кәсіпкерлікті дамыту қорымен, Моңғолия Несие-кепілдік Қорымен, «МСП Банк» АҚ-мен (Ресей), Талдамалық несие рейтингтік агенттігімен (Ресей) МШОК дамыту мақсатында серіктестікті орнату үшін бірқатар екі жақты құжаттарға қол қойылды.

Қор іс-шараларды ұйымдастыру және оларда басшылықтың қатысуы бойынша жұмыс жүргізді. Қордың жыл сайынғы ULTTYQ ONIM көрмесінде (4–6 мамыр 2019 жыл) Нұр-Сұлтан қаласында Қор Ernst & Young Poland, Qaztech Ventures, Astana HUB, Nazarbayev University қатысуымен «Стартаптар экожүйесі – қазақстандық экономиканың жаңа драйвері» тақырыбына семинар ұйымдастырды. Сондай-ақ MATRADE, Amanie Advisors, CSQ Law малайзиялық ұйымдарының, сондай-ақ МФЦА, KASE, Al Hilal, Al Saqr Finance, ICD Исламдық жекеменшік секторды дамыту жөніндегі корпорациясының қатысуымен «Исламдық қаржылар: Қазақстандағы ШОК дамытудың баламалы векторы» тақырыбына семинар өткізілді. Одан басқа, көрме алаптарында арнайы аймақта қазақстандық және шетелдік кәсіпкерлердің арасында B2B кездесулер өткізілді. Көрмеге барлығы 7 шетелдік делегация (Әзірбайжан Республикасы, Доминикана Республикасы, Малайзия, Корея Республикасы, Польша Республикасы, Түрік Республикасы, Өзбекстан Республикасы), 5 халықаралық ұйым (ЕҚДБ, АДБ, БҰҰДБ Қазақстан, ICD, Ernst & Young), сондай-ақ 6 мемлекеттің (Әзірбайжан Республикасының, Пәкістан Ислам Республикасының, Польша Республикасының, Татарстан Республикасының, Түрік Республикасының, Өзбекстан Республикасының) бизнес топтарының өкілдері қатысты.

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағыты бойынша «Даму» қоры «БҰҰ-әйелдер» құрылымының ғаламдық бастамасына қосылып, «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаларын» қолдады. Бұл бастама бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы ең ірі дүниежүзілік бастама болып табылады және корпоративтік саясатта ашықтық пен инклюзияны арттыруға, гендерлік теңдікті ілгері бастырудың тиімді әдістерін, құралдарын және тәжірибелерін пайдалануға, кемсітушіліктің түбін жоюға және әйелдердің бизнес-компаниялардың қызметіне қатысуын маргиналдауға шақырады. «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаларын» қолдау туралы мәлімдемесіне 2 639 компания, соның ішінде Google, Citigroup Inc, Nasdaq, PwC, Ernst & Young және Coca-Cola қол қойды.



Павлодар облысы, «GREENHOUSE-QAZTOMAT» ЖШС Көкөніс, олардың тұқымдары мен көшеттерін өсіру жобасы Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау құралы бойынша қолдауға ие болды

2019 жылғы 6 қарашада Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Омск қаласында (Ресей) Мемлекет басшыларының қатысуымен өткен Аймақаралық ынтымақтастық форумында «Даму» қоры «Деловая Россия» ҚБ-мен бірлесіп «Әйелдер кәсіпкерлігі креативті экономиканың өсу драйвері ретінде» тақырыбына панельдік сессия өткізді. Қорды «Атамекен» ҰКП, Қазақстанның Іскер әйелдер қауымдастығы, қазақстандық кәсіпкерлер қауымдастығы, «Деловая Россия» ҚБ Қорының және «МСП Банк» АҚ серіктестері, сондай-ақ ресейлік мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер қолдады.

Бір жылдың ішінде «Даму» қоры сондай-ақ тұрғындар мен кәсіпкерлер үшін мемлекеттік және басқа да қызметтерді ұсыну саласында тәжірибе алмасу үшін Тәжікстан, Моңғолия Республикасынан, Түрік Республикасынан және Өзбекстан Республикасынан келген делегацияларды қабылдады.

Қазақстандық кәсіпкерлердің өндірістік және экспорттық әлеуетін арттыру шегінде Қазақстан мен Кореяның «САМАЛ ЖЕЛ» жаңа экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына сәйкес 2019 жылдың 4 желтоқсанында Қор Корея шағын және орта бизнес және KOSME стартаптары агенттігімен бірлесіп, «Даму» қорының Бас кеңсесінде ККТЕС қазақстан-корея технологиялық алмасу орталығының салтанатты ашылуын ұйымдастырды.

Қазақстандық кәсіпкерлерге жүйелі түрде біліктілікті арттырудың халықаралық іс-шаралары мен бағдарламалары туралы хабарланып тұрады. Осылайша, 2019 жылы қазақстандық кәсіпкерлер Польша кәсіпкерлікті дамыту қорының (ПКДҚ) Краков қаласында (Польша Республикасы) ұйымдастырған B2B миссиясына қатысты. Оған қоса, Қордың АҚШ Сауда министрлігінің SABIT (Special American Business Internship Training Program) тағылымдамалар бағдарламасымен ынтымақтастығының арқасында 2019 жылы Қордың клиенттері «сүт өнімдерін қайта өңдеу және қаптау» тағылымдамасына қатысу үшін іріктеуден өтті және Орталық Азияның кәсіпкерлерімен бірлесіп, фермерлік қауымдастықтар мен шаруашылықтардың тәжірибесін зерттеу, сондай-ақ ірімшік пен йогурт өндіретін зауыттарға бару үшін Вашингтон қ. (Колумбия

округі), Мэдисон қ. (Висконсин штаты) және Чикаго қ. (Иллиной штаты) барып қайтты. Тағылымдама аясында кәсіпкерлер АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің, жем-шөп рациондары жөніндегі консалтингтік компанияның, Ірімшік өндірушілер қауымдастығының және жеткізілімдердің тоңазыту тізбегін басқару жөніндегі компанияның өкілдерімен кездесті.

Қор жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық бойынша жұмыстың бағыттарының бірі болып табылады. 2019 жылы «МСП Банк» АҚ-да (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы) «секьюритилендіру» тақырыбы бойынша тағылымдама ұйымдастырылды, сондай-ақ Корея шағын және орта бизнес және KOSME стартаптары агенттігінде (Сеул және Ансан қалалары, Корея Республикасы) тағылымдама ұйымдастырылды.

Қор «жасыл» қаржыландырумен айналысуын және осы бағытта халықаралық ұйымдармен жұмысын жалғастыруда. 2019 жылы Жасыл климаттық қордың (ЖКҚ) аккредитациясын алу және одан кейін қаржыландыруға қол жеткізу мәселелерін талқылау үшін ЖКҚ өкілдерімен бірқатар кездесулер өтті.



Түркістан облысы, «Балмұздақ» ЖШС Балмұздақ және мұздатылған өнімдер өндіру жобасы Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау құралы бойынша қолдауға ие болды

## 3.7. МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ

Ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатымен Қор жүйелі түрде баспасөз-конференцияларын, брифингтерді, баспасөз-турларын, Қор басшыларының бұқаралық баспасөз құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) сұхбаттарын жүргізеді. Мәселен, 2019 жылы БАҚ-да мемлекеттік бағдарламаларды және Қор бағдарламаларын іске асыру туралы 371 материал жарияланды. 3 баспасөз конференциясы, 18 баспасөз турлары өткізілді және ТД-да, радиода, ақпараттық агенттіктер мен баспасөз басылымдарында 37 сұхбат жарияланды.

Ең маңызды БАҚ-ң ішінде кәсіпкерлер мен халыққа қызмет нәтижелері, қабылданған өзгертулер немесе Қор іске асыратын жаңа қолдау бағдарламалары туралы жедел түрде хабарлауға, сондай-ақ ең өзекті проблемалар бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік беретін Қордың корпоративтік сайты ([www.damu.kz](http://www.damu.kz)) және бизнес-портал ([www.business.gov.kz](http://www.business.gov.kz)) бар.

CountZero жүргізетін қазақстандық пайдаланушылардың саны бойынша сайттан рейтингінде 2019 жылдың соңында қаржы бөлімінде Қор 9-шы орында тұр. 2019 жылдың ішінде Қордың корпоративтік сайтына 547 325 пайдаланушы кірген және 2,8 млн астам бет қайта қаралған (2 854 921 бет).

Қатысу рейтингінің объективті көрінісіне қол жеткізу үшін Қордың ғаламтор ресурстарына қатысу мәліметтері орналастырылады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қордың корпоративтік сайты қазақстандық zero.kz қатысу рейтингінде 13-ші, бизнес-порталдың «Қаржы» категориясының тіркелген 98 ресурсының ішінде 8-ші орында.

Іс жүзінде барлық бағыттар мен PR-науқан аспектілерін мынадай әлеуметтік желі арқылы жүзеге асыруға болады: көпшілікті өз өніміңіз туралы жалғасты түрде әрі мақсатты ақпараттандыратын контент-стратегия, тұтынушылармен байланыс, жарнама науқандарын, акциялар, байқаулар өткізіп, көпшіліктің көңіл-күйін анықтау, жариялықты арттыру.

Қазір коммуникацияның барлық арналары интеграцияланған кезде компаниялар үшін өз желісін иемденумен қоса әлеуметтік желілердегі өз ақпараттарын белсенді түрде жаңартып отыру да маңызды. 2019 жылы Instagram, Facebook және YouTube-та 1 200 жуық жарияланым орналастырылды. Қордың аккаунттарының жазылушылар саны Instagramда – 26,9 мың, Facebook-та – 41,1 мың.



Батыс Қазақстан облысы, «Жаңа Батыс» ЖШС  
Шаруашылық тауарларын өндіру жобасы  
Компания «ШОК топ-менеджментін оқыту» аясында оқудан өтті, «ULTTYQ ÖNİM» көрмесіне қатысты



# 04

## ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2020 ЖЫЛДЫҢ 1  
ҚАҢТАРЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ  
БОЙЫНША ҚОР АКТИВТЕРІ

337,5  
млрд теңгені  
ҚҰРАДЫ

2019 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДАРЫ  
БОЙЫНША ҚОРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ  
НӘТИЖЕСІ

3,8  
млрд теңгені  
ҚҰРАДЫ

## 4.1. ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ОРЫНДАУ

|   | Негізгі қызмет көрсеткіштерінің атауы  | 2018 ж. |        | 2019 ж. |               | Көрсеткіштерді орындамау/ асыра жүзеге асыру себептері туралы түсініктемелер  |
|---|--|---------|--------|---------|---------------|---|
|   |  | Нақты   | Жоспар | Нақты   | Жосп. орын. % |   |
| 1 | МҚҰ портфелінің Қордың несиелік портфеліндегі үлесі, %   | 11,9%   | 11,27% | 16,2    | 144%          | Көрсеткіш Қордың ЕДБ/ЛК/МҚҰ-на қаржыны орналастырудың жоспарланған көлемінен аз несиелік беруінің есебінен асыра орындалды. Ағымдағы жылы ICD-ден қаржыны тарту мүмкіндігінің болмауына байланысты исламдық қаржыландыру өнімі бойынша 15 млрд теңге орналастырылған жоқ. |
| 2 | Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санындағы микро- және шағын кәсіпкерлердің үлесі, %  | 89,5%   | 82,6%  | 87,5%   | 106%          | Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және Қаржыны шартты орналастыру бағдарламаларының есебінен асыра орындау   |
| 3 | Қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің нарықтағы қызмет жасайтын МШОК субъектілерінің жалпы санына қатысты үлесі, %  | 4,7%    | 5,2%   | 6,2%    | 119%          | Барлық қолдау құралдары бойынша асыра орындау   |
| 4 | Жаңа жобалардың және әрекеттегі өндірістерді жаңарту және кеңейту бойынша жобалардың еңбек өнімділігі мен өткізу нарықтарының кеңейтілуі ескерілген саны, 2014 жылғы жиналғандарды қоса алғанда (Мем. Бағдарламалар/Қор бағдарламалары), бірл. | 58 609  | 68 621 | 82 603  | 120%          | Барлық қолдау құралдары бойынша асыра орындау   |

|   | Негізгі қызмет көрсеткіштерінің атауы  | 2018 ж. |        | 2019 ж. |               | Көрсеткіштерді орындамау/ асыра жүзеге асыру себептері туралы түсініктемелер   |
|---|--|---------|--------|---------|---------------|--|
|   |  | Нақты   | Жоспар | Нақты   | Жосп. орын. % |  |
| 5 | Қордың қолдау құралдары ұсынылған тұрғын үй көлемі, мың ш.м.   | 163,5   | 300    | 255,5*  | 85%           | 2019 жылдың ішінде 47 жобаға қол қойылды. 255,5 мың ш.м. қолданысқа енгізілді  |
| 6 | Қордың несиелік портфеліндегі жеке меншік сектордың үлесі, %   | 100%    | 100%   | 100%    | -             |  |
| 7 | Қолдауға ие болған кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнімнің көлемі, млрд теңге                                | 17 366  | 22 266 | -       | -             | Нақты деректерді 2020 жылдың екінші жартысында ҚР ҚМ МКД береді.   |
| 8 | Қордан қолдау алған кәсіпкерлік субъектілерінің төлеген салығының өсімі, млрд теңге                            | 76      | 14     | -       | -             | Нақты деректерді 2020 жылдың екінші жартысында ҚР ҚМ МКД береді  |
| 9 | Есепті жылдағы несиелік берудің жалпы құрылымындағы несиелік берудің мемлекеттік емес дереккөздерінің үлесі, % | 72,9%   | 76,57% | 52,1%   | 68%           | Көрсеткіштің орындалмауы АДБ-нен тартылған қаржының 72 млрд теңге қарыз сомасына 13.10.2017 жылғы № 3447-KAZ Қарыз туралы келісімнің негізінде 2017 жылдың есебіне кіргізілді (Қордың Директорлар кеңесінің 24.09.2018 жылғы № 10/2018 шешімі), сәйкесінше 2019 жылы аталған келісімнің аясында тартылған қаржының есебі жүзеге асырылған жоқ. |

|   | Негізгі қызмет көрсеткіштерінің атауы  | 2018 ж. | 2019 ж. |              | Көрсеткіштерді орындамау/ асыра жүзеге асыру себептері туралы түсініктемелер |
|---|--|---------|---------|--------------|--|
|   |  | Нақты   | Жоспар  | Нақты        |  |
| 10  | Қордың негізгі бизнес процестерінің автоматтандырылуы, %   | 92%     | 100%    | 94,4%        | 94,4%  |
| <p>Көрсеткіш жыл сайынғы негізде өлшенеді. 72 бизнес-процестің 68-і автоматтандырылды. 2019 жылы «Рейтингтік модельді автоматтандыру» жобасының аясында несие тәуекелдерін басқарудың бизнес-процесі автоматтандырылды. 4 бизнес-процесті (төменде аталған) iDamu жобасының аясында автоматтандыру жоспарланды. Холдингтің Цифрландыру кеңсесі iDamu жобасына қаржы бөлуді мақсатқа сәйкес емес деп табуына байланысты, бұл бизнес-процестерді 2019 жылы автоматтандыру мүмкін болмай отыр:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Деректерді консолидациялау;</li> <li>2) Нақты деректердің болжамды деректерден ауытқуын талдау;</li> <li>3) Болжалды талдаманы құру;</li> <li>4) Есептілікті құру.</li> </ol> |  |         |         |              |  |
| 11  | МШОК субъектілерінің «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметіне сенімі мен қанағаттануын бағалауы, % | 91,3%   |         | 80% кем емес | –  |
| <p>Микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің Қордың қызметіне сену және оған қанағаттанушылық дәрежесін тәуелсіз компания арқылы жүзеге асырылатын бағалау</p> <p>Көрсеткіш жыл сайынғы негізде өлшенеді. 2019 жылдың деректерін 2020 жылдың маусымында алу күтілуде.</p>   |  |         |         |              |  |

\* тұрғын үйді енгізу туралы ақпарат құрылысты жүргізушілерден қолданысқа енгізу актісінің кешіктіріп ұсынылуына байланысты өзгеруі мүмкін.

## 4.2. АКТИВТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Қордың активтері мен пассивтерін басқару – стратегиялық көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз ететін, кірісті қолдайтын, қаржыны орналастыру және тартудың мөлшері мен мерзімінің сәйкестігін қамтамасыз ететін және негізсіз тәуекелдерді азайтатын активтер мен пассивтер теңгерімінің құрылымын қалыптастырушы және қолдаушы процесс. Қордың активтері мен пассивтерін басқарудың басты міндеттері біркезеңде тәуекелдерді азайтып, Қордың қызметіндегі жоғарғы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуді мақсат ететін активтер мен пассивтерді жүйелеуден тұрады.

Қазіргі жағдайда Қордың активтері мен пассивтерін тиімді басқарудың қажеттілігі мынада:

- жаңа күрделі өнімдердің пайда болуы;
- тартылған ресурстар құрылымындағы өзгерістер;
- экономиканың тұрақсыздығы;
- Қордың барлық бағыттағы жұмыстарын үйлестірудің қажеттілігі;
- тәуекелді басқарудың жалпы аясындағы контрагент қаржысын ұсынуға байланысты көзқарастарды үйлестірудің қажеттілігі.



Ақтөбе облысы, «Айс-плюс» сүт компаниясы  
Сүт өнімдерін өндіру жобасы  
Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау құралы бойынша қолдауға ие болды

### 2020 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНДА МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

# 86,1

МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

Қордың активтер мен пассивтерді басқарудағы негізгі міндеттері – өтімділікті қаржы ағыстарының барлық сұранымын жеткілікті мөлшерде жаба алатын деңгейде ұстау, мүмкіндікке орай – өтімділіктің артықшылығын тиімді орналастыру, кез келген жұмыстағы тәуекелдерді жабуға қажетті капитал мөлшерін жеткілікті етіп ұстау, уақытша бос қаржының сақталуын, ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем қабілетін, ықтимал инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру қабілетін қамтамасыз ету.

2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қор активтері 337,5 млрд теңгені құрады және 2018 жылмен салыстырғанда 33,4 млрд теңгеге өсті.

Активтер құрылымында негізгі үлесті (78%) қарыз портфелі құрайды. Ақша қаражаттарының үлес салмағы жиынтық активтердің 4%-ын, «Кері РЕПО» операциялары – 8% құрайды. Қордың бағалы қағаздары активтердің 2% құрайды.

2019 жылдың қорытындылары бойынша Қордың міндеттемелері 251,3 млрд теңгені құрады, бұл былтырғы кезеңнің көрсеткішінен 20 млрд теңгеге артық.

2020 жылдың 1 қаңтарында меншікті капитал 86,1 млрд теңгені құрады.

### 4.3. ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

2019 жылы Қордың жалпы кірістері 22,6 млрд теңгені, оның ішінде негізгі қызмет бойынша кірістер – 18,6 млрд теңгені, негізгі емес қызметтен түскен кірістер – 3,9 млрд теңгені құрады.

2019 жылдың ішінде Қордың жалпы шығындары 18,5 млрд теңгені құрады. Қор шығындарындағы негізгі үлесті қарыздардың әділ құнын анықтау кезінде туындаған айырманың амортизациясы бойынша шығындар құрайды (44%), алынған

қарыздар бойынша шығындардың үлесі және басқа да қаржылық шығындар 36%-ы, әкімшілік шығындар 26%-ы, резервтер бойынша шығындар – 6%-ы құрайды.

2019 жылдың қорытындары бойынша Қордың қаржылық нәтижесі 3,8 млрд теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 8% артық.

#### ҚЫЗМЕТТІҢ ТАБЫСТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Атауы                                | 2017 жыл (нақты) | 2018 жыл (нақты) | 2019 жыл (жоспар) | 2019 жыл (нақты) |
|--------------------------------------|------------------|------------------|-------------------|------------------|
| ROA, активтердің табыстылығы         | 1,2%             | -3,8%            | 1,07%             | 1,10%            |
| ROE, капиталдың табыстылығы          | 4,1%             | -13,7%           | 4,0%              | 4,8%             |
| BCD кірісінің орташа көрінісі        | 9,66%            | 8,6%             | 6%                | 8%               |
| Қызметтің табыстылығы                | 14,1%            | -28,6%           | 19,3%             | 20,6%            |
| NI margin                            | 20,7%            | -28,6%           | 17,3%             | 19,2%            |
| Борыш/ меншікті капитал              | 2,1              | 3,0              | 3,1               | 2,9              |
| Активтердегі несие портфелінің үлесі | 68,6%            | 71,8%            | 85,4%             | 77,9%            |

#### 2019 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДАРЫ БОЙЫНША ҚОРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕСІ

**3,8**  
МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

Активтердің табыстылық көрсеткіші – 0,03%-ға асыра орындалуына есепті кезеңнің ішінде негізгі емес қызметтен түсетін кірістер бойынша жоспардың асыра орындалуына байланысты (ағымдағы шоттарға сыйақылар, «Кері РЕПО» операциялары, депозиттер бойынша кірістер) жоспарлы шамадан 0,3 млрд теңгеге артық пайданың алынғаны себеп болды. Борыш/меншікті капитал көрсеткішінің орындалмауы Қордың жиынтық міндеттемелер (жоспар 94% орындалған) және меншікті капитал (жоспар 99% орындалған) бойынша жоспарлы шамаға жетпеуімен байланысты. Активтердегі несие портфелінің үлесі көрсеткішінің орындалмауы есепті кезеңде Қордың несие портфелі (жоспар 87% орындалған) және жиынтық активтер (жоспар 95% орындалған) бойынша жоспарлы шамаға қол жеткізілмеуіне байланысты.



Алматы облысы, «Алматы желдеткіш зауыты» ЖШС Ауа кондиционерлерін, желдеткіштерді өндіру жобасы Компания Даму өңірлер-3 бағдарламасы бойынша, сондай-ақ «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды

- Несие портфелі бойынша жоспардың 40,7 млрд теңгеге орындалмауына төмендегі факторлар әсер етті:
- 18,8 млрд теңге қаржыны орналастыру бойынша жоспардың орындалмауы (жоспар бойынша 102,8 млрд теңге бола тұра іс жүзінде 84 млрд теңге);
  - 11 млрд теңгеге берілген қарыздардың мерзімінен бұрын өтелуі (жоспар бойынша 25,8 млрд теңге бола тұра іс жүзінде нақты 36,8 млрд теңге);
  - жоспар бойынша 2,1 млрд теңге бола тұра 1,1 млрд теңгеге қалыптастырылған провизиялардың қалпына келтірілуі (айырмасы 3,2 млрд теңге);
  - жоспарда Ұлттық қор қаражаттарынан берілген қарыздардың әділ құнын анықтау кезінде туындаған айырманың амортизациясы ескерілмеген (7,7 млрд теңге).

#### Рейтинг

2019 жылдың қорытындылары бойынша халықаралық рейтингтік агенттіктер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ рейтингтерін растады:

- Moody's Investors Service: Baa3/тұрақты (ұлттық валютада), Aa1.kz, Standard & Poor's: BB+/тұрақты.

#### Даму жоспарлары

Қор қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарлы деңгейіне жету үшін жоспарлау мен бюджеттің бірыңғай тәсілін енгізу, басқарушылық есеп жүйесін құру, қызметтің негізгі көрсеткіштерін белгілеу жөніндегі жұмыстар жүргізеді.





# 05

## БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ ЖОСПАРЛАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ



2020 жылы Қор келесі іс-шаралар мен жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр:


1. Қордың Даму стратегиясын орындау мақсатында ШОК субъектілерін исламдық қаржыландыру қағидаларымен қаржыландыру құралын іске асыру жоспарланды.
2. Азия Даму Банкімен жаңа жасыл қарыз тұжырымдамасын пысықтау және қаржылық институттарға әлеуетті қатысушылар тізімін анықтау жоспарланды. Бұл 2020–2021 жылдар аралығында қарыз бойынша мемлекеттік кепілдік алуға техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу үшін негіз болады.
3. Жасыл климаттық қорда аккредитация алу үшін іс-шараларды өткізу жоспарланды.
4. Қаражаттарды шарттасып орналастыру құралының шегінде ШОК ЕДБ несие портфелімен қамтамасыз етілген секьюритизацияланған бағалы қағаздарды төлеп алу механизмі арқылы қаражаттарды ШОКС соңғы қарыз алушыларына дейін баламалы жеткізу механизмін енгізу.
5. Қазақстандық өндірушінің өнімдерін өткізетін сауда саласында жұмыс жасайтын ШОКС несиелендіру шарттарын әзірлеу және осы өнімді іске асыру.
6. Микроқаржы ұйымдарын «Жаңартылатын энергия көздері» (ЖЭК) және «Қазақстанда төмен көміртекті дамуға арналған орнықты қалалар» жобалары бойынша (Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Бірлескен жобасының және Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының аясында Қазақстан Республикасының қала инфрақұрылымының энергия тиімділігіне инвестицияларды ынталандыру бойынша) Бағдарламаларға қатысушылар ретінде қосу туралы мәселері БҰҰДБ-мен пысықтау.
7. «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестиция салу тәуекелдерін азайту» бағдарламасы бойынша БҰҰДБ-мен бірлескен жобаны іске асыруды бастау, сондай-ақ жоба бойынша көзделген жаңа субсидиялау механизмдерін іске асыру жоспарланды.
8. Қордың МҚҰ техникалық көмек көрсетуі көзделіп отыр, атап айтқанда МҚҰ институционалдық дамыту аясында МҚҰ басшылары мен жұмыскерлері үшін МҚҰ мамандарының несиелендіру бойынша біліктілік деңгейін арттыру, несие өтінімдерін қарау сапасын арттыру, тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру және нығайту және тәуекел-мәдениетті арттыру мақсатында және жалпы, МҚҰ қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған несие тәуекелдерін басқару жөнінде семинарлар мен тренингтерді өткізу жоспарланды.

9. 2020 жылы клиенттерді, соның ішінде Online Damu интернет-платформасын пайдаланушыларға ақпараттық-кеңес беру қызметтерін көрсету бойынша қаржылық бағдарламаларға тарту бойынша жұмыс жалғасады.
10. Қор іске асыратын мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіру бойынша edu.damu.kz платформасында бейнекурстарын енгізу жоспарланды.
11. Клиенттік сервисті дамыту аясында Қор қолдау көрсеткен кәсіпкерлердің тауарларын ілгері бастыру және онлайн сату үшін электрондық сауда алаңымен (маркетплейс) бірлесіп жұмыс істеу жоспарланды.
12. Қор процестерін автоматтандыру және цифрландыру бойынша жұмысты жалғастыру жоспарланды. Холдингтің Цифрландыру кеңсесі автоматтандыру бойынша бастамаларды іске асыруға қаржы бөлу туралы мәселені оңынан шешкен жағдайда келесі жобаларды іске асыру жоспарлануда:
  - 1) Басқарушылық есептілікті енгізу – енгізудің мақсаты МШОК микро-, макро- және салалық экономикалық көрсеткіштерін талдау мүмкіндігімен Қор қызметінің барлық бағыттары бойынша басқарушылық есептілікті жедел және жүйелі қалыптастыру болып табылады;
  - 2) ЕДБ/МҚҰ/ЛК-ң өтінімдерін беру және қарау процесін автоматтандыру – енгізудің мақсаты процестің барлық қадамдарын автоматтандырудың және цифрландырудың есебінен Серіктестерден келіп түскен өтінімдерді қарауға еңбек шығынын азайту болып табылады;
  - 3) Online Damu интернет-порталын дамыту – толық өңдеудің мақсаты Порталдың электрондық шарттарға қол қоюға арналған бірыңғай цифрлық алаңын енгізу бөлігіндегі функционалын кеңейту, сондай-ақ Қордың мобильдік қосымшасымен интеграциялау болып табылады;
  - 4) ЕДБ/МҚҰ/ЛК рейтингтік моделі – енгізудің мақсаты ЕДБ/МҚҰ/ЛК бойынша рейтингтік есептеуге жұмсалған еңбек шығындарын автоматтандырудың есебінен азайту болып табылады.

Қордың әрекеттегі бағдарламалары бойынша жұмыс жоспары туралы айта кету керек:

- 1) ШОК субъектілерін лизингтік қаржыландыру бойынша шартты қаржыны ЕДБ мен ЛК-ға орналастырудың аясында 8 млрд теңге көлеміндегі Қор қаржысын орналастыру жөнінде жұмыстар жүргізу жоспарлануда. Өнім микро- және шағын кәсіпкерлікті лизингтік қаржыландыруға арналған. Сонымен бірге, өнімге қатысуға лизингтік компаниялар тұлғасындағы жаңа Серіктестерді тарту жоспарланып отыр;

- 2) аймақтардағы кәсіпкерлерді қолжетімді және ұзақ мерзімді қорландыруды қамтамасыз ететін өңірлік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдардан (онан әрі – ЖАО) қаржы тарту жөніндегі жұмыстар жалғасын табады, сондай-ақ «Еңбек» Бағдарламасын жүзеге асыру жалғасады;
- 3) «Даму-Өңірлер III» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қордың 10 млрд-қа жуық теңге қаржысын одан әрі орналастыру жоспарланып отыр;
- 4) Қор «БЖК-2025» жобасын және Ережелер жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің қарауына жіберді. Бұл жобалар «БЖК-2020» 2025 жылға дейін ұзартуды көздейді;
- 5) «Қазақстандағы төмен көміртекті дамытуға арналған орнықты қалалар» Біріккен Ұлттық Ұйымының Даму бағдарламасы аясында Субсидиялау ережелерін – негізгі несиенің бір бөлігін субсидиялау жаңа құралымен толықтыру жоспарланды;
- 6) қосымша Субсидиялау ережелерін жаңартылатын энергия көздеріне инвестицияларды ынталандыру механизмі бойынша қолдау аясында Субсидиялау ережелерін (несие бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау және негізгі несиенің бір бөлігін субсидиялау) қарау және әзірлеу жоспарланды.



Солтүстік Қазақстан облысы, «Рим-ҚазАгро» ЖШС Тез даярланатын тағам өнімдерін өндіру жобасы Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау құралы бойынша қолдауға ие болды



# 06

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ



### Тәуекелдерді басқару жүйесі

Қордың Тәуекелдерді басқару жүйесіне Қордың атқарушы органын және басқару органын тәуекелдер және оларды азайту бойынша шешімдер туралы уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ететін процестер мен рәсімдер жүйесі жатады.

Қордың тәуекелдерін басқару процесінің негізгі элементі оның ұйым ерекшелігімен, негізгі қызмет ету қағидаларымен, бизнес-процестермен интеграциялануы және әр жұмыскердің тәуекелдерді басқару процесіне жұмылдырылуы болып табылады.

Қордың тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі – ТБКЖ) қызмет жасау жүйелілігі мен үздіксіздігі сызбада көрсетілген.

Қазіргі кезде ТБКЖ құрылымы тәуекелдерді басқарудың мынадай төрт деңгейі түрінде: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел-менеджменті департаменті, құрылымдық бөлімшелер (тәуекелдердің иелері).

Тәуекелдерді анықтау және бағалау анағұрлым «әлсіз» тұстарды анықтауға қажетті базалық негіздемелерді жүзеге асыру жолының көлемі мен ағымдағы тәуекелдер жөніндегі жалпы түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Аталған процесс тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы тәсілдері мен процедураларын бағалауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару жағымсыз әсерлерді және ықтимал шығындарды азайтуға немесе Қордың қызметіне төнген қатерге байланысты шығынға ұрынған жағдайда оның орын толтыруға мүмкіндік беретін іс-шаралар әзірлеу және оларды іске асыру үрдісі болып табылады.

Тәуекелді басқару жүйесі ШОК жобаларына кепілдік беру бойынша несиелік тәуекелдердің кешенді талдауын жүзеге асыруға бағытталды. Қор бағдарламаларды жүзеге асырудың маңыздылығын ескеріп, жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалаудың әдістемелерін жетілдіреді, ол несие тәуекелдерін бастапқы кезде азайтуға мүмкіндік береді.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ – ҮЗДІКСІЗ ПРОЦЕСС



Алматы қ., «Ski Park Pioneer» ЖШС Демалысты және ойын-сауықты ұйымдастыру жобасы, отбасылық тау курорты  
Компания Алматы қ. шағын және орта кәсіпкерлігінің субъектілерін аймақтық қаржыландыру бағдарламасы бойынша қолдауға ие болды («Алматы Туризм»)

Кепілдік беру немесе олардан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Қор несиелер тәуекелдерін бағалаудың өз кешенді әдістемесінің нәтижелерін пайдаланады. Мұндай әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етіп, тәуекелдердің өзара байланысты нақты орларын жан-жақты талдауға және соған сәйкес Қордың берілген кепілдіктер портфелі бойынша несиелер тәуекелдері деңгейін арттыруға әсер етуі мүмкін.

2019 жылы дәстүрге сәйкес қаржылық тәуекелдерді басқару барысында мынадай үш тәуекел аймағы анықталды: ЕДБ-дағы шартты несиелер, құнды қағаздар портфелі мен ЕДБ-дағы уақытша еркін қаржы. Оларды азайту үшін банк-контрагенттермен активті операцияларды лимиттеу әдістемесі, ЕДБ, ЛК-дағы несиелер тәуекелдерін және корпоративтік эмитенттерді қашықтықтан талдау пайдаланылды.

Лимиттеу әдістемесінің қолданылуы Тәуекел-менеджменті департаментінің қаржылық тәуекелдерді басқарудың техникалық базаларын және әдістемелерін жетілдіру жөніндегі әрекеттері арқасында мүмкін болды.

Қорда тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілгеннен бастап тәуекелдерді басқару жөніндегі құжаттардың әдістемелік базасы енгізілді. Атап айтқанда, орталықтандырылған шаралар арқасында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сыртқы кеңесші PWC-мен бірлесіп, тәуекелдерді басқару жүйесін енгізді, ол ішінде тәуекелдердің барлық жеке түрлерін (несие, нарықтық, операциялық тәуекелдер, бизнес-тәуекелдер, жылжымайтын мүлік тәуекелі) басқару мен бағалау, қалыпты және күйзелісті жағдайлар ескеріліп, тәуекелдердің жиынтық көлемін анықтау, ішкі капиталдың жеткіліктілігінің есебі және тәуекел-тәбетін қалыптастыру (капиталдың, кірістің және өтімділіктің жеткіліктілігі) бар банктік бақылау жөніндегі Базель комитетінің талаптарына сай алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге сәйкес жасалды.

Қор Басқармасы Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, тоқсан сайын Директорлар кеңесіне негізгі тәуекелдердің сипатымен және талдауымен, тәуекелдер жөніндегі лимиттердің сақталуы туралы ақпаратпен, сондай-ақ жоспарларды және негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру туралы ақпаратпен қоса тұғырнамалық негізде Тәуекелдер жөнінде есеп береді.

2019 жылы операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмыстар жалғасын тапты. Тәуекелдер, тәуекелдер регистрі базасын автоматтандыру жөніндегі шаралар жүргізілді. Осы бағыттағы жұмысқа Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері тартылып, құжаттардың кешенді жиынтығы бекітілді, оның ішінде: тәуекелдердің регистрі мен картасы, тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың жоспарлары жаңартылды.

Барлық талданған және бағаланған тәуекелдер Тәуекелдер картасына түсіріледі. Тәуекелдер картасы әр тәуекелдің (басқа тәуекелдермен салыстырмалы түрде) маңызын бағалауға, сондай-ақ зардапты тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік береді және оларды басқару жөнінде шаралар белгілеуді талап етеді.

Корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер регистрі мен Қордың тәуекелдер картасы тәуекелдердің мынадай топтарына жататын тәуекелдерден тұрады: стратегиялық, қаржылық (несиелік, нарықтық, өтімділік тәуекелдері), құқықтық және операциялық. «Қызыл» аймаққа түскен тәуекелдер Қор қызметіне барынша зиян келтіреді, «сары» аймаққа түскендері тәуекелдердің қалыпты деңгейін көрсетеді, «жасыл» аймаққа түскен тәуекелдер қауіптің барынша аздығын білдіреді.

Барлық тәуекелдер бойынша оларды азайту жөніндегі мынадай шаралардың/бақылау әрекеттерінің жоспары бекітілген:

- 1) тәуекелдердің негізгі индикаторы (ТНИ) бекітілді;
- 2) жүзеге асырылған және ықтимал тәуекелдер базасының тұрақты бақылауда болу тәжірибесі енгізілді;
- 3) Қор қызметін үзіліссіз басқару жүйесі аясында Қордың қызметін қалпына келтірудің, Қорды дағдарысты жағдайда басқарудың жоспары жасалынды.

**Негізгі тәуекелдер.** Қорда негізгі тәуекелдер мынадай категорияларға бөлінеді:

- a. Қор контрагенттерінің несие тәуекелі – ЕДБ, МҚҰ мен ЛК-ға орналастырылған қаржыға байланысты олардың Қор алдындағы міндеттемелерін орындамауынан болған тәуекелдер түрінде.
- b. Қаржылық тәуекел – валюта бағамының толқуына және пайыздық мөлшерлемелердің теңестірілмеген құрылымына байланысты туындаған шығындардың ықтималдылығы.
- c. Операциялық тәуекел – ішкі процестердің, персоналдың әрекетінің, жүйенің функциясының қателігінен немесе кері жұмыстарының нәтижесінде, сондай-ақ ішінде құқықтық тәуекел де (стратегиялық және репутацияны жоғалту тәуекелісіз) бар сыртқы оқиғаларға байланысты шығынға ұшырататын тәуекел.
- d. Құқықтық тәуекел – заң, нормативтік-құқықтық актілер, келісімдер, қабылданған тәжірибе немесе этикалық норма талаптарының бұрмалануынан немесе сақталмауынан туындаған ықтимал тәуекел.

**Ішкі бақылау жүйесі** корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлшегі және бизнес-процестің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды элемент болып табылады.

Қор ішкі бақылаудың ағымдағы жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай шаралар өткізеді:

1. Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатқа (Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 14/2018 шешімімен бекітілген) COSO (Тредвей комиссиясы демеушілік ұйымының комитеті) үлгісіне сәйкес ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған процедуралармен қоса өзгерістер/қосымшалар енгізіледі;
2. Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылар, олардың өкілеттілігі, сондай-ақ міндеттері белгіленген ішкі бақылаудың үш қорғаныс желісінің нақты сипаттамасымен қоса «ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру» ұғымына толығырақ түсініктеме берілді;

3. Бақылау ортасынан, тәуекелдерді бағалаудан, бақылау процедурасынан, ақпараттық қамтамасыз ету және ақпаратпен алмасу жүйесінен, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне мониторинг және бағалау жүргізуден құралатын ішкі бақылау жүйесінің бес өзара байланысты компоненттерін егжей-тегжейлі сипаттау (COSO моделіне сәйкес).

Ішкі бақылау жүйесіндегі тәуекелдерді және кемшіліктерді айқындау мақсатында табылған кінәраттарды/ескертулерді жою және Қордағы ішкі бақылауды жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылданады. Тәуекел-менеджмент департаменті жүйелі түрде:

- аудит қызметінің Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне байланысты ұсынымдардың орындалу мониторингін;
- сыртқы аудит жүргізу нәтижесінде берілген ұсынымдардың орындалу мониторингін;
- Қордың Жалғыз акционері – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Қордың тәуелсіз директорларының ұсынымдарының орындалу мониторингін жүргізеді.

ІБЖ тәуелсіз бағалау Қор регламентіне сәйкес үш жылда бір рет жүргізіледі. Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін «Делойт» ЖШС-ң бағалау нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесін тәуелсіз бағалаудың қорытынды ұпайы – 88% құрады.



Шымкент қ., «MegaSmart» ЖШС  
Жылтыр МДФ тақталар және жиһаз өндіру жобасы  
Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары  
54 бойынша қолдауға ие болды



# 07

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Адами капитал – басты құндылық және негізгі ресурс, Қор қызметінің нәтижелері тікелей Қор жұмыскерлерінің кәсібилік және қауіпсіздік деңгейіне байланысты.

### 2019 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ҚОР ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ШТАТТЫҚ САНЫ

♂ 49,5%

♀ 50,5%

**380**  
АДАМДЫ ҚҰРАДЫ

### 2019 ЖЫЛДЫҢ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША ҚОР ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ОРТАША ЖАСЫ

**37**  
ЖАСТЫ

### СОНЫҢ ІШІНДЕ ӘЙЕЛДЕРДІКІ

**39**  
ЖАСТЫ ҚҰРАЙДЫ

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРАМЫ, АДАМ

| Көрсеткіштің атауы                                       | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|--|---------|---------|---------|
| Топ-менеджмент   | 7       | 6       | 6       |
| - оның ішінде әйелдер                                    | 1       | 1       | 1       |
| Құрылымдық бөлімшелер мен өңірлік филиалдардың басшылары | 41      | 40      | 47      |
| - оның ішінде әйелдер                                    | 13      | 15      | 17      |
| Әкімшілік жұмыскерлер                                    | 323     | 325     | 327     |
| - оның ішінде әйелдер                                    | 155     | 178     | 174     |
| Барлығы  | 371     | 371     | 380     |
| - оның ішінде әйелдер                                    | 169     | 194     | 192     |

Персоналдың жұмыстан кетуі

2019 жылы персоналдың жалпы жұмыстан кетуі жоспардағы 20% орнына 13,3%-құрады. 2019 жылы Қордағы ашық бос орын саны 142 болды, оның 122-сі – әкімшілік қызметкерлерге және 20-сы – басқарушылық және жетекші қызметкерлерге арналды. Әкімшілік қызметтерге бос орындардың 33% ішкі кандидаттар арқылы, 67% сыртқы кандидаттар арқылы жабылды. Басқарушылық және жетекші қызметтер бос орнының 75% Қордың Кадр резерві құрамында тұратын ішкі кандидаттар арқылы, 25% сыртқы кандидаттар арқылы жабылды


Кадр резерві

Қордың кадр әлеуетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыстар 2019 жылы жалғасын тапты. 2019 жылы Қордың Кадр Резервіне 15 адам қосылды. Олардың ішінде осы кезең аралығында жоғары лауазымдарға 6 адам ауыстырылды.

Қор резервтегілерді дамытуға (оқыту, қызметтік өсу) бағытталған жұмыстарды белсенді жүргізеді. Атап айтқанда, олар үшін жеке даму жоспары қалыптастырылады.

Кадр резервінің құрамында болған кезде резервтегілер кәсіби және жеке өкілеттіліктерін дамытуға ықпалдасатын шараларға жіберіледі. Сондай-ақ, резервтегілердің Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен, Қордың Басқарма төрағасымен және Қордың Басқарма мүшелерімен бизнес-кездесуін өткізу жөніндегі жұмыстар да жалғастырылды.

2017-2019 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ЖҰМЫСТАН КЕТУ ДЕҢГЕЙІ



Корпоративтік мәдениетті дамыту

Корпоративтік мәдениетті дамыту – тиімділігі жоғары ұйым құрудың маңызды элементі және ол компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін қажет, соған байланысты жыл сайын жұмысқа тартылу дәрежесін талдау мақсатында персоналға сұрау салынады, Қордың Басқармасы жанындағы Кадр саясаты жөніндегі комитет пен жұмыс топтарының іскерлік кездесулері, отырыстары жүйелі түрде өткізіледі.

2019 жылдың нәтижесі бойынша 2018 жылмен салыстырғанда Қор қызметкерлерінің жұмысқа тартылу деңгейі мен оған қанағаттануы өзгеріссіз 75% мөлшерінде қалды.

2019 жылы Қорда корпоративтік мәдениеттің нығаюына жағдай жасайтын бірқатар іс-шаралар (тимбилдингтер, тренингтер) өткізілді, Қор жұмыскерлерінің жұмыс және бейресми сипаттағы көптеген мәселелер бойынша тығыз ішкі әрекеттесуі үшін интранет – корпоративтік сайт жұмыс істейді.

Уәждеме және сыйақы

Қордағы еңбек өнімділігін арттыру саясаты Қордың стратегиялық мақсаттарын, стратегиясы мен бизнес-жоспарларын еңбекті бағалау саясатымен, уәждемемен және жұмысшыларды ынталандырудағы Қордың бизнес-жоспарларын байланыстыру мақсатында жүргізіледі.

Барлық жұмысшылар Қордың стратегиялық міндеттерінен туындайтын мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бейімдендірілген. Қызметтердің тиімділігін бағалау нақты міндеттерді жүзеге асыруға байланысты, әрі ол қызметкерлер жұмысы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерімен дәлелденеді, соған байланысты Қорда тоқсан сайын әкімшілік қызметкерлердің қызметіне баға беріліп, оның негізінде жұмысшылардың өз жұмысына сәйкестігі және мақсаттарға қол жеткізудің деңгейі нақтыланады.

Қор жұмысшылары Қор бюджетінде қарастырылған қаржы есебінен жыл сайын медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Оған қоса Қор жұмысшыларына жыл сайынғы еңбек демалысын алғанда екі қызметтік жалақы көлемінде материалдық көмек, некеге отыруына, нәрестелі болуына байланысты материалдық көмек көрсетіледі, сондай-ақ отбасы мүшесі қайтыс болуына байланысты да материалдық көмек беріледі.

Сондай-ақ, жүктілігіне және босануына байланысты кірісінің азаюына орай, әлеуметтік төлем мөлшері ескеріліп, жүкті болған және босанған әйелдерге орташа жалақысы сақталып, ақысы төленетін демалыс беріледі.

Еңбекті қорғау

Қор жұмысшылардың қауіпсіздігін арттыру және еңбек қауіпсіздігі мәдениетін енгізу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуге мүдделі.

Қор еңбекті қорғау, өнеркәсіптегі және өрт қауіпсіздігі салаларындағы Қазақстан Республикасының заңдарын қадағалайды, сондай-ақ апатсыз жұмысты арттыру бойынша қосымша іс-шараларды қолданысқа енгізеді.

Қор жұмысшылары Қордың Кеңсе қызметкерлерінің еңбегін қорғау жөніндегі нұсқауды басшылыққа алады. Нұсқаудың талаптарын сақтау Қор қызметкерлерінің жұмыс процесі, Қор кеңсесіндегі, қызметтік іссапардағы, сондай-ақ төтенше және апатты жағдайлардағы атқаратын барлық салада талап етіледі.



Шығыс Қазақстан облысы, «Шығыс Универсал» ЖШС

Тұщы суда балық өсіру жобасы

59 Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды

### Кадрларды оқыту және дамыту жүйесін қалыптастыру

Өз қызметтік міндеттерін жүзеге асырудағы және Қордың Даму стратегиясына сәйкес міндеттерді шешудегі қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту қосымша теориялық және өзінің қызметтік міндеттері нақтыланған шешімдерді тиімді жүзеге асыруға қажетті практикалық білім, шеберлік, өкілеттік және машықты игеру мақсатында жүзеге асырылады.

Аталған міндетті жүзеге асыру мақсатында Қордың кадр саясаты жөніндегі комитетінің шешімімен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметкерлерін оқытудың жоспары бекітілді (2019 жылғы 29 қаңтардағы № ККП 10/2019 хаттама). Есепті жылда Қордың 368 қызметкері 63 оқыту шарасында 1 275 рет дәріс алды. Кейбір қызметкерлер жыл бойы бірнеше мәрте, оның ішінде корпоративтік форматта оқытылды. Жылдық жоспар аясындағы дәрістер қызметкерлердің іскерлік, жеке және кәсіби өкілеттілігін дамытуға бағытталды.

### Демеушілік/қайырымдылық көмек көрсету саласындағы бірыңғай саясатты анықтау

Қорда Қор Басқармасының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№ 104/2017 хаттама) бекітілген Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету ережелері қолданылады. Бұл Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету ережелерінің мақсаты Қордың бекітілген даму жоспарының аясында демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге арналған қаражаттарды жоспарлаудың ашықтығын және басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

2018 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық нәтиже теріс болғандықтан 2019 жылы Қор бюджетінде жоспарланған қаражаттар есебінен демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілген жоқ.

Қор Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 195/2018 шешіміне сәйкес 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 236 Демеушілік көмек көрсету шартына (бұдан әрі – Шарт) қол қойылды. Шартқа сәйкес Қор Қазақстан Республикасының Альпинизм және құзға шығу федерациясы ЗТБ-не 5 000 000 (бес миллион) теңгеге демеушілік көмек көрсетті. Демеушілік көмек



*Нұр-Сұлтан қ., «LED Solution» ЖШС Жарықдиод өнімдерін өндіруді және жинауды ұйымдастыру жобасы Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға және ҚР Ұлттық қорының қаражатынан Өңдеу өнеркәсібін қолдау бағдарламасы бойынша қаржыландыруға ие болды.*

2018 жылғы қаражаттардың есебінен көрсетілді, алайда жоба іс жүзінде 2019 жылы іске асырылды. Қазақстан Республикасының Альпинизм және құзға шығу федерациясы ЗТБ-не Демеушілік көмек көрсету туралы есептің 2019 жылдың Жылдық есебінің № 1 Қосымшасына енгізілуі осы себептен болды.

Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлеріне қайырымдылық көмек көрсету үшін еркін түрде қаржы жинау ұйымдастырылып, ол көмек Алматы қаласының ардагерлеріне берілді.

Қор жұмыскерлері «Я с тобой» балалар хосписі <http://detskyhospis.kz> үшін қаражат жинаумен айналысты. Жиналған ақшаға балалар ойыншықтары және алғашқы қажеттілігі бар заттар сатып алынды.

Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ң еншілес компаниялардың арасында жүргізген жыл сайынғы қайырымдылық жәрмеңкесіне қатысты. Жалпы жиналған сома 451 945 мың теңгені құрады. Жиналған қаражаттар балаларды емдеуге жұмсалды.

### Корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленісін реттеу саясаты

2019 жылдың сәуір айында төмендегілерге байланысты корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленісін реттеу жөніндегі саясатқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді:

- Саясаттың талаптары қолданылатын тұлғалар шеңберінің кеңеюіне;
- Заң Департаменті мен комплаенс-бақылаушының арасында функционалдық міндеттердің үлестірілуіне;
- мүдделер шиеленісінің пайда болу тәуекелін азайтудың жаңа шараларының қолданылуына.

Жыл бойы комплаенс-бақылаушы Қор жұмыскерлері үшін кеңес берумен айналысты және мүдделер шиеленісінің пайда болу мәселесі бойынша екі қорытынды берді.

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қор сыбайлас жемқорлық белгілерінің тәуекелдерін азайту жұмысына ерекше көңіл бөледі. Жыл сайын Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына сәйкес, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюроның өкілдерімен бірге Қорда және оның өңірлік филиалдарында бейнероликтер көрсетілетін лекциялар өткізіледі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң нормалары түсіндіріледі. Сонымен қатар Қорға қайта қабылданған қызметкерлер ең алдымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен таныстырылып, олармен үздіксіз жұмыс жүргізіледі.

Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Қорда оларды қатаң қабыл алмау ахуалын қалыптастыру бойынша бақылауды күшейту болып табылады. Аталған Саясат еңбек міндеттемелерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаларын сақтауды қамтамасыз ететін Қор жұмыскерлерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелейді. Қордағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік атмосферасына жету үшін осы құжатқа қызметтік өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде жұмыскерлердің мінез-құлығының құндылықтық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарларын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар енгізілген.

2019 жылдың қорытындылары бойынша келесі іс-шаралар іске асырылды:

1. 9 желтоқсандағы Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне орай іс-шаралар кешені өткізілді:
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбына баннер жасалды;
  - Қордың өңірлік филиалдарының операциялық залдарындағы барлық мониторларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейнеролик қосылды;
2. Қордың корпоративтік сайтында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі арнайы бөлім құрылды.
3. Қордың болуы мүмкін сыбайлас жемқорлық және бедел тәуекелдерін барынша азайту мақсатында «Құпия сатып алушы» және «Құпия ізденуші» жағдаяттық тексерулері ұйымдастырылды және өткізілді.
4. Қордың бас кеңсесінің алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім қызметкерлерінің несие ауыртпалықтарының, атқарушы өндірістерінің, кәсіпкерлік қызметінің және құқық бұзушылықтарының болуы тексерілді.
5. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюроның өкілдері Қордың бас кеңсесі мен өңірлік филиалдарының барлық қызметкерлері үшін лекция жүргізді.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қор жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық белгілері анықталған жоқ.



*Атырау облысы, «Бәби-Клуб» білім беру орталығы Мектепке дейінгі білім беру жобасы Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды*



# 08

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

2018 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА  
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН  
ТҰТЫНУ КӨЛЕМІ

# 27,14%

АЗАЙДЫ

Қызметінің сипатына байланысты Қор қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер тигізбейді. Қор тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

Өз кезегінде, Қор операциялық қызметтер экологиялық әсерді азайту шараларын қабылдайды, «жасыл» өнімдерді әзірлейді, кәсіпкерлердің ақпараттылығын арттырады, өз мамандарын Қордың Экологиялық саясатына сәйкес оқытады, сондай-ақ экология және оған тигізілетін әсер тақырыбына оқыту семинарларын өткізеді.

Азия Даму Банкі Қормен бірлесіп Қазақстанда жасыл инвестицияларды қаржыландыру бағдарламасын іске асыруды көздеп отыр. Бұл бастама Қазақстан Республикасының Үкіметіне жасыл экономикаға көшу стратегиясын іске асыруға қолдау көрсетуге бағытталған. Бағдарлама микро-, шағын және орта кәсіпорындарды барлық экономика секторларына жасыл технологияларға инвестиция салу үшін қаржы делдалдары (банктер, микроқаржы ұйымдары, лизингтік компаниялар) арқылы қаржыландыруға арналған. Қор арқылы іске асырылатын Бағдарлама тұжырымдамасын әзірлеу үшін зерттеулер негіз болады. Зерттеу жүргізу үшін Азия Даму Банкі ЕДБ-мен, бизнес- және бейінді қауымдастықтармен, ШОК субъектілерімен, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен 6 ай бойы кездесулер өткізген Франкфурт қаржы және менеджмент мектебінің кеңесшілерін жұмылдырды. Сонымен қатар 2019 жылдың шілдесінде Қор жұмыскерлеріне жасыл қаржыландыру бойынша оқу жүргізілді. Оқуды Frankfurt School of Finance & Management лекторлары «Жасыл экономикаға инвестициялардың негізі», «Нормативтік-құқықтық база», «МСП/МШОК секторлары және жасыл инвестициялар» және «Жасыл технологиялар» модульдері бойынша өткізді.

Одан басқа, 2019 жылдың желтоқсанында Қор жұмыскерлері үшін «Экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері бойынша стандарттар және практикаларды дамыту (ESG)» тақырыбына IFC (International Finance Corporation) оқу өткізді.

Экологиялы, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануға қатысты, жауапты тұтынушы қағидаларын ескере отырып, Қор 2019 жылы ішкі қажеттіліктерге электр энергиясын тұтыну көлемін азайту мақсатын алдына қойды. Осылайша, электр үнемдейтін технологиялардың қолданылуы 2018 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну көлемінің 27,14% азаюына алып келді.

Бизнес-процестердің автоматтандырудың және электрондық бланкіге көшудің арқасында қағаз тасығыштағы құжат айналымы айтарлықтай азайды.

Сонымен қатар Қор серіктестерінің экологиялық бағдарлануын арттыру мақсатында тұрақты даму қағидаларын ескере отырып, Қор серіктестерімен үлгілік келісімдерге енгізілетін өзгертулер бекітілді.

2019 ЖЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕР

| КӘЖ саласындағы бағыттар  | Көрсеткіштер   | 2019 жылғы мақсатты көрсеткіштер   | Орындалуы  |
|---------------------------|--|--|--|
| Экономикалық көрсеткіштер | Қор бюджетіндегі демеушілік/ қайырымдылық көмек үшін қарастырылған қаржының көлемі   | 2019 жылдың бюджетінде «Демеушілік көмек көрсету» бабы бойынша 10 млн теңге қарастырылған  | 2018 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық көрсеткіштің төмен болуына байланысты 2019 жылы демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілген жоқ.   |
|                           | Қор демеушілік көмек және сыртқы мүдделі тараптарға қайырымдылық көмек көрсету үшін шығындаған жалпы қаржының мөлшері  | 2019 жылға сыртқы мүдделі тараптарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге жоспарланған мақсатты сома 10 млн теңгені құрайды.   | 2018 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық көрсеткіштің төмен болуына байланысты 2019 жылы демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілген жоқ.   |
|                           | Қашықтықтан оқытудан өткен кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасы бар халықтың саны   | ең кемі 600 адам   | 2019 жылдың ішінде қашықтықтан оқыту жүйесінде 4 379 адам оқудан өтті.   |
|                           | 2015–2018 жылдардағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның «Даму-Көмек» жобасы бойынша Кәсіпкерлік өкілеттілігін көтерудің бірыңғай бағдарламасы аясында қолдау алған мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлердің саны | Жоба ұзартылған жағдайда:<br>1) Демеушілік көмек көрсетуге жыл сайын кемінде 300 өтінім орналастыру<br>2) Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін жыл сайын кемінде 150 мүгедектігі бар кәсіпкерге қаржылық емес материалдық-мүлктік қолдау көрсету<br>Жоба қызметі уақытша тоқтатылған жағдайда: көрсеткіштер – 0 болады | «Мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер үшін демеушілік көмекті ұйымдастыру («Даму-Көмек»)» жобасы «Даму» қоры» АҚ-ң 02.02.2018 жылғы № 11/2018 Басқарма шешімімен бекітілген 2015–2018 жылдарға арналған Бірыңғай кәсіпкерлік құзыреттіліктерін арттыру бағдарламасының «Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың кәсіпкерлігін қолдау және дамыту» Екінші бағытының аясында іске асырылды. Басқарманың шешімімен (17.08.18 жылғы № 118/2018 отырыстың хаттамасы) «Даму-Көмек» жобасы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Бірыңғай кәсіпкерлік құзыреттіліктерін арттыру бағдарламасынан алынып тасталды. Осыған сәйкес Жоба бойынша жұмыс уақытша тоқтатылды. |

| КӘЖ саласындағы бағыттар                 | Көрсеткіштер   | 2019 жылғы мақсатты көрсеткіштер  | Орындалуы   |
|--|--|---|---|
| Персоналмен жұмыс жөніндегі көрсеткіштер | Персоналды тарту деңгейі   | 75%   | Персоналдың тартылу және қанағаттану дәрежесі 75% құрады.   |
|  | Қор аясында тәжірибеден немесе тағылымдамадан өткен жас мамандардың саны                               | 15 ад.  | 15 жас маман Қор шегінде тәжірибеден өтті.  |
|  | Оқудан өткізілген Қор жұмысшыларының саны  | 185 ад.   | 1 275 р. қызметкерлер оқытылды.   |
|  | Қор Омбудсменіне Іскерлік этика кодексін орындалмауы мәселесі бойынша жүгінген жұмысшылардың саны      | 7 артық емес  | 2019 жылдың ішінде Омбудсменге жүгінген қызметкерлердің саны – 0 құрады                               |
| Экология саласындағы көрсеткіштер        | Осының алдындағы жылдармен салыстырғандағы Қордың қуат ресурстарын пайдалануының төмендетілген деңгейі | Энергия үнемдеудің қосымша технологияларын енгізудің болмауы себебінен 2019 жылы электр энергиясын тұтыну 2018 жылдың деңгейінде болжанып тұр | Энергия үнемдеу технологияларын қолдану электр энергиясын тұтыну көлемінің 27,14% азаюына алып келді. |



# 09

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ҮЗДІК  
ТӘЖІРИБЕЛЕР ТАЛАПТАРЫНА  
СӘЙКЕСТІГІ

# 91,2%

## 9.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың Жарғысына сәйкес оның басқару органдарына мыналар жатады:

1. Жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы орган – Басқарма;
4. Қордың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасайтын орган – Ішкі аудит қызметі;
5. Ішкі несие саясатын жүзеге асыратын орган – Несие комитеті;
6. Активтер мен міндеттемелерді диверсификациялау принциптеріне, қаржылық тәуекелдерді оңтайластыруға және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге қол жеткізу мақсатындағы басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі орган – Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет;
7. Қордың несие, лизинг, инвестициялық, құжаттық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалық дебиторлық қарыздарды қайтару жұмыстарын жүзеге асыратын орган – Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет;
8. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған басқа органдар.


2019 жылғы Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген негізін қалаушы жеті принциптерді сақтау туралы есеп Қордың корпоративтік сайтына орналастырылған.



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген Қордағы корпоративтік басқару диагностикасының 2017–2019 жылдардағы нәтижесі бойынша корпоративтік басқару деңгейінің үздік тәжірибелер талаптарына сәйкестігі 91,2% құрады.

## 9.2. ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Қордың ұйымдық құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қорда 22 департамент, 2 қызмет, 17 өңірлік филиал, 2 өңірлік орталық, 5 дербес құрылымдық бірлік бар (Корпоративтік хатшы, Комплаенс-бақылаушы, баспасөз-хатшысы, Басқарма төрағасының көмекшісі, Хатшылық басшысы – Басқарма хатшысы).



68

## 9.3. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың Жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (одан әрі – Холдинг) болып табылады.

Холдингтің миссиясы – Стратегия 2050-де көрсетілген міндеттерге қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуына қолдау көрсету. Холдинг мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асырудың негізгі операторы болып табылады.

Холдингтің негізгі міндеттерінің бірі – Холдингтегі компаниялар тобы қызметінің тиімділігі мен бір-бірін толықтыру қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

|  |                    |
|--|--------------------|
| Бағалы қағаз түрі                            | Жай акциялар       |
| ҰСН  | KZ1C49420017       |
| Шығарылымды тіркеу күні                      | 09.04.2012         |
| Номинал құны*                                | 100 000 теңге      |
| Жарияланған акциялар саны                    | 27 462 244         |
| Орналасырылған акциялар саны                 | 27 462 244         |
| Акционерге тиесілі акциялар саны             | 27 462 244         |
| Акционер туралы ақпарат                      | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ |
| Орналасырылған акциялардан акционердің үлесі | 100%               |
| Дауыс беруші акциялардан акционердің үлесі   | 100%               |

\* Акцияларды соңғы орналастыру құны

Қор тек қана жай акцияларды шығарады. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Сондай-ақ, жай акция Жалғыз акционерге Қордың таза кірісі болған жағдайда дивиденд алу және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оны таратқан жағдайда Қор мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

## 9.4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қорға стратегиялық жетекшілікті және Басқарма қызметіне бақылау жасауды қамтамасыз етуші басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдындағы өз қызметінің толық жариялығын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі өз функциясын Қазақстан Республикасының заңдарына, Қордың Жарғысына, Қордың корпоративтік басқару кодексіне және Қордың басқа да құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2019 жылдың 1 қаңтарында Қордың директорлар кеңесінің құрамында 6 мүше болды, оның 2-і тәуелсіз директорлар.

69



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



### Директорлар кеңесінің төрағасы Смаилов Алихан Асханұлы

1972 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2019 жылдың 13 наурызында сайланды, Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайланған күні 17 сәуір 2019 жыл.

- «А-Инвест» инвестициялық-жекешелендіру қорының қызметкері (1993–1995).
- Алматы қаласы сауда және өнеркәсіптік әкімшілік бөлімінің бас маманы (1995–1996).
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңесінің тағылымдамашысы (1996).
- Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің басқарма бастығының орынбасары, Басқарма бастығы (08.1996–03.1998).
- Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары (03.1998–04.1998).
- Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің Бас сарапшысы, Бөлім секторының меңгерушісі, Бас инспекторы (1998–1999).
- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы (11.1999–02.2003).
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Вице-министрі (02.2003–2003).
- «Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (2003–2006).
- Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі (02.2006–01.2007).
- «ҚазАгро» Ұлттық холдингі» АҚ Президенті (01.2007–11.2008).
- Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі (21.11.2008–10.2009).
- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы (27.10.2009–13.08.2014).
- 2013 жылдың 16 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен (№ 468) Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі қызметіне тағайындалды.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы (08.2014–12.2015).
- Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі (11.12.2015–18.09.2018).
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрі (18.09.2018–25.02.2019).
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі (25.02.2019 ж. бастап).

### Директорлар кеңесінің мүшесі Карагойшин Рустам Тимурұлы

1983 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2019 жылдың 26 маусымында сайланды.

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі.
- «Қазақстан Даму банкі» АҚ менеджері, Бас менеджері, Жобалық талдау департаменті басқармасының бастығы («ҚДБ» АҚ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрылымына кіреді) (2004–2007).
- «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарушы директоры – басқарма мүшесі (2007–2011).
- «Petroleum Operating» ЖШС Мұнай және мұнай өнімдері маркетинг департаментінің сыртқы экономикалық қызмет бөлімінің бастығы (2011–2012).
- «Credit Systems» ЖШС Басқарма төрағасы (2012–2013).
- «Сбербанк Лизинг» ЖШС Бас директорының орынбасары, Бас директоры (2013–2015).
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (2015–2019).
- «Қазақстанның астық консорциумы» ЖШС Бас директоры (02.2019–05.2019).
- 2019 жылдың мамырынан бастап «Бәйтерек» Холдингінің Басқарма төрағасының орынбасары.



### Директорлар кеңесінің мүшесі Мұхамеджанов Бектас Гафурұлы

1957 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2018 жылдың 1 тамызында сайланды.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Молекулалық биология және биохимия институтында, Ботаника институтында жұмыс істеді. Әр жылдары Республикалық жас ғалымдар және мамандар кеңесінің төрағасы, Қазақстанның Кәсіпкерлер конгресінің бірінші вице-президенті, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясының орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі агенттігінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы, Халықаралық заманауи саясат институтының Бас директоры, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорының Атқарушы директоры, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорының жанындағы Дүниежүзілік экономика және саясат институтының Директоры, Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау вице-министрі болып жұмыс істеген.

Қазақстанның Кәсіпкерлер Конгресінің Президенті, «Эксимбанк Қазақстан» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» ЖАҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Коммерциялық телевизиялық арна» АҚ, «Центрбанк» АҚ (қазіргі уақытта «Банк ЦентрКредит» АҚ) Директорлар кеңесінің мүшесі болған.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.



### Тәуелсіз директор Бахмутова Елена Леонидовна

1962 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2018 жылдың 19 қыркүйегінде сайланды.

- № 7 Алма-Ата сельстрой трестінің КСМК-1 аға инженері (1983–1984).
- Қазақ КСР Мемжоспар жанындағы Жоспарлау мен нормативтердің ғылыми-зерттеу экономикалық институтының экономисті (09.1984–09.1989).
- Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің аға экономисті (09.1989–02.1991).
- «Елім-Ай» киношаруашылық бірлестігінің экономисті (02.1991–05.1992).
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің жетекшісі, бас экономисті, бөлім бастығы, департамент бастығының әлеуметтік сала жөніндегі орынбасары, директордың орынбасары (05.1992–12.1998).
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің директоры (12.1998–04.2001).
- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі (04.2001–09.2002).
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық қадағалау департаментінің директоры (09.2002–01.2004).
- Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары (01.2004–23.01.2008).
- Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі төрайымы (23.01.2008–04.2011, агенттіктің қысқартылуына байланысты).
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директоры (01.2012–22.11.2016).
- «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес АҚ Басқарма төрайымы (11.2016–08.2018).
- Қазақстанның Қаржыгерлер қауымдастығы кеңесінің төрайымы (24.08.2018 ж. бастап).

### БАСҚА ЛАУАЗЫМДАРЫ:

- «БЖЗҚ» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2001–2002).
- КАСЕ Биржалық кеңесінің құрамына бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу органының өкілі ретінде кіргізілді (Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 337 бұйрығы).
- «БТА Банк» АҚ Директорлар кеңесінің төрайымы (14.02.2013–14.02.2014).
- «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің төрайымы (08.2013–08.2018).



**Тәуелсіз директор  
Елемесов Асқар Раушанұлы**

1968 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2018 жылдың 28 мамырында сайланды.

- «Казахинторг» ӨБ қызметкері (1990–1991).
- «Корус Интернешнл КО ЛТД» фирмасының өкілдігінде жетеуші лауазымдары (08.1991–08.1992).
- «Казкоммерцбанк» АҚ; «Каспий Банкі» ЖАҚ; «БанкТұранӘлем» АҚ; «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ жетекші лауазымдар (09.1994–1998).
- «ДБ Секьюритиз Казахстан» ААҚ вице-президенті – брокерлік бөлім бастығы (08.1998–12.1999).
- «ДБ Секьюритиз Казахстан» ААҚ, неміс Deutsche Bank еншілес компаниясының Президенті (12.1999–02.2004).
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (02.2004–02.2006).
- Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі (02.2006–11.2006).
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасының кеңесшісі (12.2006–04.2008).
- «Тройка Диалог Казахстан» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (08.2008 ж. бастап).
- «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» қоғамының тәуелсіз директоры (02.06.2016 ж. бастап).
- «SkyBridge Invest» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы – тәуелсіз директоры (09.2016–07.2017).
- «Казкоммерцбанк» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі (07.2017–06.2018).
- «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИУ» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі (03.2019 ж. бастап)



**Директорлар кеңесінің мүшесі  
Бурибаева Гаухар Асылбекқызы**

1983 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2019 жылдың 24 сәуірінде сайланды.

- Green Integrated Logistics Co. LTD Оңтүстік Корея көлік компаниясында менеджер (12.2003–12.2004).
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қаржылық мониторинг жөніндегі бөлімнің бас маманы (01.2005–09.2006).
- «Қазақстан Даму банкі» АҚ Жобаларды несиелендіру департаментінің бас менеджері, Жоба дирекциясының бас фронт-менеджері (09.2006–05.2009).
- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобаларды әкімшілендіру департаментінің бас менеджері (05.2009–10.2009).
- «Альянс Банк» АҚ Корпоративтік бизнес департаментінің бас менеджері (12.2009–03.2010).
- «Қазақстан Даму банкі» АҚ Жоба дирекциясы басшысының орынбасары (03.2010–08.2011).
- «Көлік логистикасын дамыту ұлттық орталығы» АҚ (қазіргі уақытта «КТЖ Express» АҚ) Дамыту жөніндегі атқарушы директоры (08.2011–02.2013).
- «ҚТЖ ҰК» АҚ «Көлік логистикасын дамыту орталығы» Филиалының стратегия және талдамалық зерттеулер басқармасының бастығы (02.2013–08.2013).
- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы ведомстволық қарасы ұйымының қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі вице-президенті (08.2013–03.2017).
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Әкімшілік департамент директоры, Басқарушы директоры, Басқарма төрағасының орынбасары (03.2017–04.2019).
- 2019 жылдың сәуірінен бастап – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымы.

Қор Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың, Қор жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

**2019 жылдың ішінде Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер орын алды**

1. 2019 жылдың бірінші тоқсанында Жалғыз акционердің 2019 жылғы 13 наурызындағы шешімімен (№ 15/19 хаттама) Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі Е.А. Досаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болып А.А. Смаилов жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттіктер мерзімімен сайланды.
2. 2019 жылдың екінші тоқсанында Жалғыз акционердің 2019 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен (№ 22/19 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы А.С. Сарқұловтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. Басқарма төрайымы, Директорлар кеңесінің мүшесі болып, жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттіктер мерзімімен Г.А. Бурибаева сайланды.
3. 2019 жылдың екінші тоқсанында Жалғыз акционердің 2019 жылғы 26 маусымдағы шешімімен (№ 33/19 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі А.А. Арифхановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттіктер мерзімімен Р.Т. Карагойшин сайланды.
4. 2019 жылдың 3-4 тоқсандары аралығында Директорлар кеңесінің құрамында өзгеріс болған жоқ.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне үміткерлерді ұсыну және іріктеп алу тәртібі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне ұсыну кезінде қолданылатын критерийлер Корпоративтік басқару кодексімен және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережесімен регламенттелген.

**Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі туралы есеп**

2019 жылы 10 көзбе-көз тәртіпте және 2 сырттай Директорлар кеңесінің отырысы өткізілді. 120-дан астам мәселе қаралды. Есепті жылы Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің 30 отырысы өткізілді. Комитеттердің барлық отырыстары көзбе-көз тәртіпте өтті.

**2019 жылы Директорлар кеңесінің қараған басты мәселелері**

Есепті кезеңнің ішінде Директорлар кеңесі мына мәселелерді қарады: «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-мен жасалуына мүдделі мәмілелерді жасасу, 2018 жылдың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жөніндегі есепті қарау және кейіннен Жалғыз акционердің қарауына шығару, тәуекел-менеджмент саласында регламенттер мен есептемелерді бекіту, Омбудсменді тағайындау, Қордың тұрақты даму саласындағы саясатын бекіту, жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, Қордың таза кірісін үлестіру тәртібіне ұсыныстар жасау, Даму стратегиясын іске асыру туралы есепті бекіту, Қордың Жылдық есебін алдын ала бекіту, жетекші қызметкерлердің жұмысының негізгі көрсеткіштерін орындауы туралы есепті бекіту, жетекші қызметкерлердің жұмысының негізгі көрсеткіштер картасын және олардың мақсатты мандерін бекіту, Қордың даму жоспарының көрсеткіштерінің өзгертулерін (түзетулерін) бекіту, Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылаушының, корпоративтік хатшының жұмыс мәселелері және т. б.

Одан басқа, тәуелсіз директорлардың бастамасы бойынша 2019 жылдың қыркүйегінде Жалғыз акционер өкілдерінің, Директорлар кеңесі, Қор Басқармасы мүшелерінің қатысуымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2014–2023 жылдарға арналған жаңартылған Даму стратегиясының тұжырымдама жобасын қарау жөнінде стратегиялық сессиясы өтті.

2019 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

| №  | Директорлар кеңесінің мүшелері                                 | Қатысуы | %    |
|----|--|---------|------|
| 1. | Смаилов Алихан Асханұлы (2019 жылдың 13 наурызынан бастап)     | 10/12   | 83%  |
| 2. | Карагойшин Рустам Тимурұлы (2019 жылдың 26 маусымынан бастап)  | 5/12    | 41%  |
| 3. | Мұхамеджанов Бектас Гафурұлы                                   | 12/12   | 100% |
| 4. | Елемесов Асқар Раушанұлы                                       | 12/12   | 100% |
| 5. | Бахмутова Елена Леонидовна                                     | 12/12   | 100% |
| 6. | Бурибаева Гаухар Асылбекқызы (2019 жылдың 24 сәуірінен бастап) | 9/12    | 75%  |

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысы

Қордың Директорлар кеңесі жанында 3 комитет жұмыс істейді: стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі, аудит

жөніндегі, тағайындаулар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттер. Директорлар кеңесі жанындағы профильді комитеттерді корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес тәуелсіз директорлар басқарады.

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 19 қыркүйегінен бастап Комитеттердің құрамы Директорлар кеңесінің келесі мүшелерінің ішінен бекітілді:

| Аудит жөніндегі комитет   |   |
|---|---|
| Комитет төрағасы  | Елемесов А.Р., тәуелсіз директор                |
| Комитет мүшесі  | Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор               |
| Комитет мүшесі  | Мұхамеджанов Б.Г., Директорлар кеңесінің мүшесі |
| Тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет |   |
| Комитет төрайымы  | Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор               |
| Комитет мүшесі  | Елемесов А.Р., тәуелсіз директор                |
| Комитет мүшесі  | Мұхамеджанов Б.Г., Директорлар кеңесінің мүшесі |
| Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет           |   |
| Комитет төрайымы  | Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор               |
| Комитет мүшесі  | Елемесов А.Р., тәуелсіз директор                |
| Комитет мүшесі  | Мұхамеджанов Б.Г., Директорлар кеңесінің мүшесі |

Комитеттердің қызметі Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітілген тиісті ережелермен регламенттелген.

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет

Қордың даму Стратегиясын жасауға, жүзеге асыруға және түзетулер енгізуге қатысты мәселелер бойынша кепілдемелер мен ұсыныстар дайындайды, Қорды дамыту жоспарын бекітеді, оларды жүзеге асыру мониторингін өткізеді, бюджет жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді және басқа да мәселелерді шешеді.

2019 жылы Комитеттің 10 көзбе-көз отырысы өткізіліп, 39 мәселе қаралды, оның ішінде Қордың 2018 жылғы Жылдық есебі, Қордың Стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі есебі, Қорды дамытудың (түзету) 2017–2021 жылдардағы жоспары және басқа мәселелер алдын-ала мақұлданды.

Аудит жөніндегі комитет

Қордың қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу, жылжымайтын мүлік мониторингін және ішкі, сыртқы бақылау жүйесінің тиімділігі мен тәуекелдерді басқару, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы жөніндегі және тағы да басқа Директорлар кеңесінің ұсыныстарын жүзеге асырумен айналысады.

2019 жылы комитеттің 12 көзбе-көз отырысы өткізіліп, онда 80-нен астам мәселе, оның ішінде Ішкі аудит қызметінің тоқсандық есептері, Қордың тәуекелдері жөніндегі тоқсандық есептері, Қордың корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген принциптерді сақтау туралы есебі, Қордың 2018 жылғы жылдық қаржылық есебі және тағы да басқа мәселелер алдын ала мақұлданды.

Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Директорлар кеңесінің кадр саясаты мен уәждеме саясаты, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің,

корпоративтік хатшының қызметін бағалау және тағы да басқа мәселелер жөніндегі ұсыныстарын жасау және ұсыну мақсатында құрылды.

2019 жылы Комитеттің 10 көзбе-көз отырысы өткізіліп, онда 33 мәселе, оның ішінде Қордың жетекші қызметкерлерінің (атқарымды ҚНҚ) 2019 жылғы Қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің картасы, Басқарма құрамындағы өзгерістер, Қордың Жетекші қызметкерлері жұмысының негізгі көрсеткіштерінің картасы және олардың 2020 жылғы (атқарымды ҚНҚ) мақсатты маңызы және т. б. мәселелер қаралды.

Жалпы, Директорлар кеңесінің үш комитетінің деңгейінде 160 аса мәселе қаралды, бұл ретте барлық мәселелердің жартысынан көбін (55%) Аудит жөніндегі комитет қарады.

Қор Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесі мен Комитеттер жұмысының тиімділігін кешенді бағалау, директорлар қызметін үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес жеке бағалау жұмыстарын жүргізеді. Директорлар кеңесі мен комитеттер жұмысының тиімділігін бағалауды **Халықаралық қаржы корпорациясының (International Finance Corporation, IFC)** сыртқы тәуелсіз сарапшылары жүргізді.

Бағалаудың мақсаты – Директорлар кеңесі мен комитеттердің қызметі туралы ақпарат алу, сондай-ақ Директорлардың кеңес жұмысына қосқан жеке үлестеріне талдау жүргізу. Жүргізілген бағалау нәтижесінде Директорлар кеңесі мен комитеттер жұмысының мықты жақтары анықталды, сондай-ақ олардың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар жасалынды.



2019 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне IFC-ң жүргізген бағалауының (өзін-өзі бағалау және сыртқы бағалау) жалпылама қорытындыларына мыналар жатады:

| № | Бағалау критерийлері   | Кеңестің өзін-өзі бағалауы | Сыртқы бағалау |
|---|--|----------------------------|----------------|
|   | Директорлар кеңесінің рөлі және өкілеттіктері                        | 3.71                       | 3.5            |
|   | Стратегия  | 3.57                       | 3.0            |
|   | Қызмет тиімділігін басқару   | 3.93                       | 3.6            |
|   | Директорлар кеңесінің құрамы, тәуелсіз директорлардың рөлі           | 3.87                       | 3.6            |
|   | Директорлар кеңесіне сыйақы беру саясаты                             | 3.00                       | 3.0            |
|   | Директорлар кеңесінің отырыстары                                     | 3.93                       | 3.5            |
|   | Директорлар кеңесінің төрағасы                                       | 3.95                       | 3.8            |
|   | Корпоративтік хатшы  | 3.89                       | 3.7            |
|   | Аудит жөніндегі комитет  | 3.93                       | 3.5            |
|   | Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет              | 3.88                       | 3.3            |
|   | Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет | 3.81                       | 3.0            |
|   | Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалауы                     | 3.90                       |                |

**Белгілеулер: 3.5 жоғары – практикасы жақсы, 2 бастап 3.5 дейін – даму саласы, 2 және одан төмен – ерекше назар аудару.**

Осы бағалаудың қорытындылары бойынша 2020 жылдың бірінші тоқсанында Директорлар кеңесінің қарауына Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру бойынша тиісті іс-шаралар жоспары шығарылатын болады, сондай-ақ Директорлар кеңесі

комитеттерінің 2019 жылдың ішіндегі жылдық есептерінің аясында 2020 жылға арналған алдағы даму бағыттары анықталады.

## 9.5. БАСҚАРМА

Басқарма Қордың Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционеріне есеп беретін, Қор жарғысына сәйкес құрылған және Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүддесінде жүзеге асыратын алқалық атқарушы органы болып табылады.

Басқарма Қор қызметінің Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен және Қор жарғысымен Қордың басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелер, соның ішінде заңнамамен және Қор Жарғысымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім шығаруға құқылы.

## БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ



### Басқарма төрайымы Бурибаева Гаухар Асылбекқызы

1983 жылы туған, Басқарма төрайымы ретінде сайланған күні – 24 сәуір 2019 жыл

Қор Басқармасына жетекшілік етеді. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлеріне жалпы бақылауды, үйлестіруді және қызметін басқаруды жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің, Басқарма төрағасының көмекшесінің, Басқарма басшысының, Басқарушы директорлардың, Қауіпсіздік қызметінің қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басқарады.

- Green Integrated Logistics Co. LTD Оңтүстік Корея көлік компаниясында менеджер (12.2003–12.2004).
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қаржылық мониторинг жөніндегі бөлімнің бас маманы (01.2005–09.2006).
- «Қазақстан Даму банкі» АҚ Жобаларды несиелендіру департаментінің бас менеджері, Жоба дирекциясының бас фронт-менеджері (09.2006–05.2009).
- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобаларды әкімшілендіру департаментінің бас менеджері (05.2009–10.2009).
- «Альянс Банк» АҚ Корпоративтік бизнес департаментінің бас менеджері (12.2009–03.2010).
- «Қазақстан Даму банкі» АҚ Жоба дирекциясы басшысының орынбасары (03.2010–08.2011).
- «Көлік логистикасын дамыту ұлттық орталығы» АҚ (қазіргі уақытта «КТЖ Express» АҚ) Дамыту жөніндегі атқарушы директоры (08.2011–02.2013).
- «ҚТЖ ҰК» АҚ «Көлік логистикасын дамыту орталығы» Филиалының стратегия және талдамалық зерттеулер басқармасының бастығы (02.2013–08.2013).
- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы ведомстволық қарасы ұйымының қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі вице-президенті (08.2013–03.2017).
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Әкімшілік департамент директоры, Басқарушы директоры, Басқарма төрағасының орынбасары (03.2017–04.2019).
- 2019 жылдың сәуірінен бастап – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымы – Директорлар кеңесінің мүшесі.



### Басқарма төрағасының орынбасары Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы

1972 жылы туған, Қордың Басқарма төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні – 15 желтоқсан 2017 жыл

Субсидиялау департаментінің, Кепілдендіру департаментінің, Бағдарламалық құралдар департаментінің және Апекстік департаменттің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- «Азия Бизнес» ЖШС Атқарушы директоры (02.1997–06.1997).
- «Жетісу» ОПЦ Директорының орынбасары, Бас директоры (06.1997–07.2000).
- «Даур Лимитед» ЖШС Президенті (12.2000–01.2001).
- 2001 жылдан бастап газ саласында жұмыс істеген: «ҚазТрансГаз» ЖАҚ Бас менеджері, Коммерциялық директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының орынбасары, Басқарушы директоры, Департамент директоры.
- ҚР Мұнай және газ министрлігінің мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары (01.2014–10.2014).
- ҚР Энергетика министрлігі Газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры (10.2014–04.2016).
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (04.2016–09.2017).
- «Азия логистик» ЖШС Қадағалау кеңесінің төрағасы (09.2017–12.2017).
- 2017 жылдың желтоқсанынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады.





**Басқарма төрағасының орынбасары**  
**Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы**

1984 жылы туған, Қордың Басқарма төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні – 4 мамыр 2019 жыл Тәуекел-менеджмент департаментінің, Бизнес-технологиялар департаментінің, Ақпараттық технологиялар департаментінің, Стратегиялық талдау және корпоративтік басқару департаментінің, Бюджеттік жоспарлау департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- «Казкоммерцбанк» АҚ Шағын және орта бизнесті несиелендіру басқармасының кредиттік менеджері (2005–2006).
- «Демир Банк Қазақстан» АҚ Корпоративтік бизнес департаментінің кредиттік менеджері (2008–2009).
- «АТФ Банк» АҚ (UniCredit Group) Restructuring and workout бас маманы (2009–2010).
- «Қазақстан Даму банкі» АҚ Активтерді қайта құрылымдау департаментінің бас фронт-менеджері (2010–2012).
- «Сбербанк» ЕБ АҚ Ұлттық компаниялармен және даму институттарымен жұмыс жөніндегі департамент директорының орынбасары (2012–2015).
- «Сбербанк» ЕБ АҚ Қарағанды қ. корпоративтік бизнес жөніндегі департамент директорының орынбасары (2015–2018).
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры (2018–05.2019).
- 2019 жылдың мамырынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады.



**Басқарма төрағасының орынбасары**  
**Джантелиев Дастан Темірәлиұлы**

1985 жылы туған, Қордың Басқарма төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні – 13 мамыр 2019 жыл Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу жөніндегі департаментінің, Клиенттік сервис департаментінің, Маркетинг департаментінің, Баспасөз-хатшысының және Өңірлік филиалдардың жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- «МемжерFӨО» РМК-да техник-қоныстандырушы (2009).
- Әр жылдары Алматы қаласында және Алматы облысында «ЖерFӨО» РМК және кәсіпорынның орталық аппаратында әртүрлі жетекші лауазымдарда жұмыс істеген.
- «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің директоры, өзгертілгеннен кейін – «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры (2016–2018).
- «Азаматтарға арналған Үкімет» КЕ АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (07.2018–04.2019).
- 2019 жылдың мамырынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады.



**Басқарма төрағасының орынбасары**  
**Мақажанов Бақытжан Нигмеджанұлы**

1990 жылы туған, Қордың Басқарма төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні – 7 қазан 2019 жыл Халықаралық ынтымақтастық департаментінің, Қарыз алу департаментінің, Қазынашылық департаментінің және Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің мәселелері бойынша жұмысқа жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- «Қазгеология» АҚ Стратегия және корпоративтік даму департаментінің менеджері (2012–2013).
- «Активтерді оңалту және басқару жөніндегі компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі (2014–2015).
- «Активтерді оңалту және басқару жөніндегі компаниясы» АҚ Болжау, мемлекеттік сатып алулар және есептілік департаментінің директоры (2015–2016).
- «Қазақстанның инвестиция қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі (2016–2019).
- 2019 жылдың қазанынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады.



**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**  
**Шәріпов Әсет Булатұлы**

1982 жылы туған, Басқарушы директор – Қордың Басқарма мүшесі ретінде сайланған күні – 3 шілде 2017 жыл Мониторинг департаментінің, Қаржылық қолдау құралдарын әкімшілендіру департаментінің, Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі департаментінің және Заң департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- «Отан» АҰЗҚ, «АТФБанк» АҚ агенті (05.2003–06.2004).
- «International Bank «Alma-Ata» АҚ заңгері (06.2004–03.2007).
- «АБК-V» ЖШС Қаржы бөлімінің жетекшісі (03.2007–03.2008).
- «АТФ Банк» АҚ Заң бөлімінің бас маманы (03.2008–10.2008).
- «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті» РМҚК Азаматтық құқық және үдеріс кафедрасының аға оқытушысы (01.2009–01.2010).
- «Қазақстан Даму банкі» АҚ Құқықтық қамсыздандыру департаменті директорының орынбасары (02.2010-05.2014).
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ Құқықтық қамсыздандыру департаменті директорының орынбасары (07.2014–02.2016);
- «Қазақстан Даму банкі» АҚ Құқықтық қамсыздандыру департаментінің директоры (05.2016-07.2017).
- 2017 жылдың шілдесінен бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі қызметін атқарады.

Қордың Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың, Қор жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

2019 жылдың ішінде Басқарма құрамында келесі өзгерістер орын алды.

1. Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 сәуіріндегі шешімімен Басқарма төрағасы А.С. Сарқұловтың өкілеттіктері тоқтатылды.
2. Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 4 қазандағы шешімімен Басқарма төрағасының орынбасары Д.М. Әбілқайыровтың өкілеттіктері тоқтатылды.
3. Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 18 ақпандағы шешімімен (№ 08/2018) Басқарушы директор – Басқарма мүшесі Қ.С. Ұласбековтың өкілеттіктері тоқтатылды.

**Басқарманың қызметі туралы есеп**

Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғымен, Басқарма туралы ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

Басқарма туралы ереже Қор Басқармасын құру және оның қызмет жасау тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешім қабылдау және оларды рәсімдеу, сондай-ақ олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

2019 жылдың басында Қордың Басқарма құрамында мынадай 6 мүше болды, оның ішінде:

1. Басқарма төрағасы – Сарқұлов Абай Серікұлы;
2. Басқарма төрағасының орынбасары – Әбілқайыров Дәулет Мақсұтұлы;
3. Басқарма төрағасының орынбасары – Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы;
4. Басқарма төрағасының орынбасары – Бурибаева Гаухар Асылбекқызы;
5. Басқарушы директор – Басқарма мүшесі – Ұласбеков Қуаныш Серікұлы;
6. Басқарушы директор – Басқарма мүшесі – Шәріпов Әсет Булатұлы;

2019 жылдың ішінде Басқарма құрамынан Ұласбеков Қуаныш Серікұлы және Әбілқайыров Дәулет Мақсұтұлы шығарылды, Қор Басқармасының құрамына Басқарма төрағасының

орынбасарлары Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы, Джантелиев Дастан Темирәлиұлы және Мақажанов Бақытжан Нигмеджанұлы кіргізілді.

2019 жылдың соңында Қор Басқармасының құрамында 6 мүше болды:

1. Басқарма төрағасы – Бурибаева Гаухар Асылбекқызы;
2. Басқарма төрағасының орынбасары – Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы;
3. Басқарма төрағасының орынбасары – Джантелиев Дастан Темирәлиұлы;
4. Басқарма төрағасының орынбасары – Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы;
5. Басқарма төрағасының орынбасары – Мақажанов Бақытжан Нигмеджанұлы;
6. Басқарушы директор – Басқарма Мүшесі – Шәріпов Әсет Булатұлы.

2019 жылдың ішінде 108 Басқарма отырысы өткізіліп, Қорды басқару бойынша шешімдер қабылданды. Қаралған мәселелер саны – 1 015.

**2019 жылдың ішінде Басқарманың қараған басты мәселелері**

Есепті кезеңнің ішінде Қор Басқармасы операциялық қызметтің әртүрлі аспектілері бойынша мәселелерді, соның ішінде ішкі құжаттарды бекіту, даму стратегиясын өзектендіру бойынша тұжырымдаманы мақұлдау, қаржылық бағдарламалар жөніндегі мәселелерді, тұрақты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады.

**Басқарма жанындағы Комитеттердің жұмысы**

Несие комитеті, Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет және Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет Қордың өз қызметін Басқарманың оларға Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берген өкілеттіктерінің шегінде жүзеге асыратын органдары болып табылады.

- 1) Несие комитеті – Қордың ішкі несие саясатын жүзеге асыратын, кепілдендіру және субсидиялау мәселелері бойынша шешім қабылдайтын алқалық орган. 2019 жылдың ішінде кепілдендіру мәселелері бойынша 3 008 өтінім және субсидиялау бойынша 4 813 өтінім қаралды.

80

- 2) Қордың Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеті – Активтер мен міндеттемелерді диверсификациялау принциптеріне, қаржылық тәуекелдерді оңтайластыруға және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге қол жеткізу мақсатындағы басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі алқалық орган. 2019 жылдың ішінде 29 отырыс өткізілді және 37 мәселе қаралды.
- 3) Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет – Қордың несие, лизинг, инвестициялық, құжаттық (кепілдіктерді шығару), шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалық дебиторлық қарыздарды қайтару жұмыстарын жүзеге асыратын алқалық орган. 2019 жылдың ішінде 25 отырыс өткізілді және 179 мәселе қаралды.

Кадр саясаты жөніндегі комитет, Өзгерістерді басқару жөніндегі комитет пен Бюджет комитеті өз өкілеттілігін Қордың Басқармасы берген өкілеттілік аясында жүзеге асыратын Қор Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істеуші алқалы-кеңес органдары болып табылады.

1. Кадр саясаты жөніндегі комитет – кадр саясатын жүзеге асыратын, еңбек шарттары мен жағдайының талаптарын, жұмысшылардың біліктілігі мен өкілеттілігін белгілейтін, кадр ресурстарын жоспарлаудың кешенді жүйесін дамытатын кәсіби стандарттар жасайтын және қолданысқа енгізетін орган. 2019 жылы 113 отырыс өткізілді, 777 мәселе қаралды.

**9.6. СЫЯҚЫ САЯСАТЫ**

Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарына, Қордың Жарғысына, ішкі құжаттарына сәйкес, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындаған кезінде сыйақы төленеді және (немесе) Директорлар кеңесі мүшелерінің өз қызметтерін атқарған кездегі шығындарының орыны толтырылады.

Жалғыз акционердің өкілі болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма төрағасы (Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болған жағдайда) Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

2. Өзгерістерді басқару жөніндегі комитет – жұмыс істеп тұрған/ жаңа бизнес процестерді жетілдіру, автоматтандыру және оңтайластыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын, сондай-ақ жаңа өнімдерді қарап, алдын-ала бекітетін орган. 2019 жылы 50 отырыс өткізілді, 223 мәселе қаралды.
3. Бюджет комитеті – қаржылық жылдағы Қордың жоба көрсеткіштерін нақтылау жөніндегі ұсыныстарын қамтамасыз ету және жасау, Қордың ағымдағы бюджетін түзету жөнінде ұсыныстар енгізу, бюджеттің орындалуына баға беруді қарастыру жөніндегі орган. 2019 жылы 42 отырыс өткізілді, 157 мәселе қаралды.

Комитет мүшелерінің дербес құрамдары мен саны Қор Басқармасының шешімімен анықталады. Комитеттердің қызметін Комитеттердің төрағалары басқарады. Комитеттердің құрамдары Басқарма мүшелерінің (екеуден аспайтын), оған қоса Қордың басқа да қызметкерлерінің арасынан құрылады. Комитеттер Қор Басқармасының мүшесі болып табылатын Комитет төрағасынан, Комитет төрағасының орынбасарынан және дауыс беру, оған қоса кеңес беру құқығы бар Комитеттің басқа да мүшелерінен құралады.

Басқарма жанындағы Комитеттердің қызметі Қордың Комитеттер жөніндегі Ережесімен регламенттеледі.

- Қордың Директорлар кеңесінің мүшесіне берілетін сыйақының мынадай түрлері белгіленуі мүмкін:
- 1) Директорлар кеңесінің мүшесі болғаны үшін бекітілген жылдық сыйақы;
  - 2) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы болған кездегі жылдық бекітілген сыйақы;
  - 3) Директорлар кеңесі комитетінің жұмысына Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі болып қатысқаны үшін бекітілген жылдық сыйақы.

81

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесінің сыйақы көлемі белгіленгенде Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеті, Қордың қызмет аясы, Даму стратегиясын нақтылайтын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Қордың Директорлар кеңесі қарастыратын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың (бенчмаркинг, сыйақы шолуы) баламалы компанияларындағы сыйақы деңгейі ескеріледі.

2019 жылы Қордың Директорлар кеңесі мүшелеріне төленген (оның ішінде тәуелсіз директорларға) сыйақы мөлшері 14 325 000 теңгені құрады.

Қордың жетекші қызметкерлерінің жалақы төлеу, қызметін бағалау мен сыйақы ережесі мынадай сыйақы жүйесінің принциптерін қарастырады:

- Қор мен оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне жауап беретін мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру сыйақысының өзара байланысы;
- сыйақы көлемін нақтылау принциптерінің қарапайымдылығы мен әділеттілігі;
- Қор қызметі мен жетекші қызметкерлердің жеке жетістігінің нәтижелеріне байланысты сыйақы көлемі.

Басқарушы қызметкерлердің жұмысын бағалау үшін жоғарыда аталған қағидалардың жұмыста қолданылуын барынша қамтамасыз ететін және тиімді жоспарлау және мақсаттарды қою үдерісі, Қор Басқармасының әрбір мүшесінің нәтижелілігін жеке-жеке сенімді және әділ бағалау арқылы Қордың қаржылық-өндірістік қызметінің тиімділігін арттыруға жағдай жасайтын қызмет тиімділігінің қосымша көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Бұл факторлар басқарушы қызметкерлердің корпоративтік және жеке ҚНҚ жету дәрежесін айтарлықтай арттырады.

## 9.7. ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР

01.01.2020 жылғы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталына қатысу үлесі бар, бірақ аталған компаниялардың қызметіне елеулі әсері жоқ компаниялар: «Эконом» МҚҰ» ЖШС (жарғылық капиталы 12 млн теңге, қатысу үлесі – 16,6%), «Вест Финанс» МҚҰ» ЖШС (жарғылық капиталы 5,06 млн теңге, қатысу үлесі – 39,5%), «Жайнар» МҚҰ» ЖШС (жарғылық капиталы 5,5 млн теңге, қатысу үлесі – 36,0%).

Қазіргі уақытта Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 72 және 2017 жылғы 24 ақпандағы № 77 аталған микроқаржы ұйымдарын тарату туралы шешімдеріне сәйкес Қор әрекеттегі микроқаржы ұйымдарын тарату бойынша іс-шараларды жалғастырып жатыр.

Бір айта кететіні, осы Жылдың есепті құруды бастаған сәттен бастап, 2020 жылдың қаңтарында «Эконом» МҚҰ» ЖШС және «Жайнар» МҚҰ» ЖШС таратылды, сондай-ақ «Вест-Финанс» МҚҰ» ЖШС мәжбүрлеп тарату туралы сотқа арыз берілді. Қазіргі уақытта бұл іс қаралу үстінде, «Вест-Финанс» МҚҰ» ЖШС әлі таратылған жоқ.



Қостанай облысы, «МедиДез ғылыми-өндірістік бірлестігі» ЖШС Пестицидтер мен өзге агрохимиялық өнімдерді өндіру жобасы Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды

## 9.8. ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2019 жылдың ішінде жасалған мүдделілігі бар мәмілелер, ірі мәмілелер және байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат Жылдық қаржылық есептіліктен Үзінді көшірмелерде және Жылдық есепке № 2 Қосымшада келтірілген.

## 9.9. ҚОР ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

Ішкі аудит қызметі (одан әрі – ІАҚ) Қор қызметіне ішкі аудит пен бақылау жасауды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесіне есепті, оның миссиясы – Қордың стратегиялық мақсатына қол жеткізуге байланысты Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасының жұмыстарына қажетті көмек көрсету.

ІАҚ қызметіне Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді.

2019 жылы 2018 жылдың 20 желтоқсанындағы Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен, № 15/2018, 2019 жылға бекітілген ішкі аудит жоспарына (одан әрі – ІАЖ) сәйкес, ІАҚ-да ІАЖ белгіленген мерзімде 13 аудиторлық тапсырма толық көлемінде орындалды, оның ішінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау, ішкі бақылау жүйесінің, әкімшілік шығындардың жекелеген түрлері лимитінің мониторингін, қызметтің негізгі стратегиялық көрсеткіштеріне қол жетуді, Қор Басқармасы қызметінің негізгі көрсеткіштерін, «БЖК-2020» іске асырудың аудитін, Қордың Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес жасаған қаржылық, шаруашылық, кассалық және басқа да операцияларды бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетудің бизнес-процесінің аудитін, Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін қаржы тартудың бизнес-процесінің аудитін, қазынашылық операциялар мен өтімділікті басқарудың бизнес-процесі аудитін, ІТ-қызмет бойынша бизнес-процесті тексерудің, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде қауіпсіздік бизнес-процесінің аудитін, күйзеліс-тестілеу аудитін және оның Күйзеліс-тестілеуді жүргізу әдістемесіне сәйкес басқарудың және Қордағы резервті анықтаудың сыртқы ортасына және ішкі

жай-күйіне сәйкестігінің, Солтүстік-Қазақстан, Қарағанды, Ақтөбе облыстарындағы өңірлік филиалдардың аудитін тексерудің тиімділігін бағалау бар.

ІАҚ қызметінің нәтижелері бойынша 2019 жылдың ішінде 208 ұсыным берілді. 2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 74 ішкі аудит ұсынымы орындалуда (сыртқы аудит ұсынымдары – 0). Аудиторлық тексерулердің қорытындылары бойынша аудит объектілері Қор Басқармасы бекіткен, тәуекелдерді азайтуға, қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін жақсартуға, тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін әрі қарай жетілдіруге бағытталған Түзету іс-қимылдарының жоспарларын ұсынды.

Корпоративтік басқарудың ең үздік практикасына сәйкестікті бағалау мақсатында 2019 жылы ІАҚ Қордың Корпоративтік басқаруға диагностикасы жүргізілді. Корпоративтік басқару диагностикасы екі жылда бір рет өткізіледі. Өткізілген корпоративтік басқару диагностикасының қорытындылары бойынша Қордың корпоративтік басқару деңгейінің үздік практика талаптарына сәйкестігі 91,2% құрады. 2017 жылы корпоративтік басқару деңгейі 80,1% құраған. Алдыңғы корпоративтік басқару диагностикасымен (2017 жыл) салыстырғанда 2019 жылдың қарашасында өткізілген корпоративтік басқару диагностикасы Корпоративтік басқару деңгейінің халықаралық практикаға сәйкестігінің айтарлықтай жоғарылағанын көрсетті. Сәйкестік мәндерінің жоғарылуы барлық үш бағалау компоненті бойынша байқалды. Бұл Қордың корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша үздіксіз, тұрақты жұмыс жүргізетінін растайды. Атап айтқанда, Іскерлік этика кодексін өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат бекітілді, Экологиялық саясат бекітілді, Директорлар кеңесі мүшелерінің кадрлар резервімен жүйелі кездесулері ұйымдастырылды, тәуекелдерге төзімділік деңгейлері бекітілді, тәуекелдерді басқару үдерістерін автоматтандыру бойынша айтарлықтай жұмыс жүзеге асырылды, тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізілді. Директорлар кеңесіне Қордың ІБЖ тиімділігі туралы Қор Басқармасы ақпаратын ұсынды, ІБЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізілді. Қордың жылдық есебіне Комитет отырыстарына оның мүшелерінің қатысуы, қоршаған ортаны қорғау, мүдделер шиеленісін реттеу жөніндегі саясат туралы ақпарат кіргізіледі, қаржылық есептілік жөніндегі ақпаратты ашу кезінде мерзімдері сақталады, байланысты тараптармен жасалатын операцияларға қатысты қаржылық есептілікке түсіндірмелерде келесі ақпарат ашылады: байланысты тараптардың арасындағы есеп айырысулар бойынша қалдықтар шамасы, күмәнді борыштар бойынша бағалау резервтері, шығарылған акциялардың номинал құны. Интернет-сайтта барынша аз уақыттың ішінде Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпарат (қабылданған шешімдер, белгілі бір шешім үшін дауыстардың бөлінуі, отырыстарға қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелері туралы мәліметтер) орналастырылады.

Тоқсан сайын ІАҚ сыртқы аудиторлар мен ІАҚ ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізеді. Мониторингтің нәтижелері туралы ақпарат Аудит жөніндегі комитетке және Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылады.

2019 жылғы 3 қазанда Қордың Директорлар кеңесінің № 09/2019 шешімімен Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ережесі және Қордағы ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі Ережелер жаңа редакцияда өзектендірілді және бекітілді.

ІАҚ қызметкерлері Ішкі аудит стандарттарының талаптарына сәйкес біліктілігін арттыру мақсатында тренингтер мен семинарлардан өтті. ІАҚ Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қызметтің негізгі көрсеткіштерінің негізінде өз қызметінің тиімділігіне жүйелі ішкі бағалауды жүргізуді қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 қазандағы шешімімен бекітілген Ішкі аудит сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасына сәйкес (№ 09/2019 хаттама) 2019 жылдың ішіндегі ішкі аудит қызметінің сапасына ішкі бағалау жүргізілді.

Бағалау нәтижелері бойынша Қордың ішкі аудит қызметінің Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына, Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 қазандағы шешімімен (№ 09/2019 хаттама) бекітілген Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ережесіне, 2019 жылғы 3 қазандағы Қордың Ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі ережелеріне (№ 09/2019 хаттама) сәйкестігі, Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 25 шілдедегі шешімімен (№ 28 хаттама) бекітілген Әдеп кодексінің сақталатыны расталды.

## 9.10. СЫРТҚЫ АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жылдық қаржылық есептің нақтылығын тексеру және бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі бақылауды бағалау үшін Қор конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудитор) тартады. Қаржылық есеп аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды тәртіп бойынша белгілеу тек қана Қордың Жалғыз акционерінің өкілеттілігіне жатады.

үшін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ға берілген төлем ҚҚС-ны қосқанда 17 705 мың теңге болды.

2019 жылы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жеке қызметтерді көрсеткен жоқ.

Қаржылық есептілікке аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қорға жұмысқа қабылданған жоқ.

2019 жылғы қаржы есебінің аудитін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жүргізді. 2019 жылғы қаржылық аудит жөніндегі қызмет

## 9.11. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Тұрақты даму саласында табысты және тиімді саясат жүргізу үшін Қорда мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге тиісінше көңіл бөлінеді.

Мүдделі тараптар тізбесін, олардың әсер ету дәрежесін және Қор мүдделеріне әсер ету саласын анықтау мақсатымен Қордың Стейкхолдерлер картасы әзірленді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің негізгі түрлері мыналар болып табылады: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және т. б.



# 10

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕН ҮЗІНДІЛЕР ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ



## 10.1. ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



### Тәуелсіз аудитордың есебі

#### Біздің пікір

Біздің есептілі дам бұдан әрі – «Қор») 2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайын, барлық елеулі қатынастарында, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен белгіленген күнде аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына (ХҚЕС) сәйкес: шынайы көрсетеді.

#### Аудит мәні

Біз Қордың қаржылық есептілігінің аудитін орындадық. Қаржылық есеп келесіні қамтиды:

- 2019 жылғы 31 желтоқсандағы Қордың қаржы жағдайы туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған бір жылдық пайда немесе шығындар және өзге жиынтық табыс туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп; және
- есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілік ескертпелер.

#### Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сай жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай осы есептің «Аудитордың қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

#### Тәуелсіздік

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттар кеңесінің (ХБЭСК кодексі) кәсіби бухгалтерлер этика Кодексіне сәйкес Қорға қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз ХБЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.



### Тәуелсіз аудитордың есебі (жалғасы)

2 - бет

#### Біздің аудит әдістемеміз

##### Қысқаша шолу

|                                 |  |
|---------------------------------|--|
| <b>Маңыздылық</b>               | Қордың қаржылық есептілік деңгейіндегі тұтас алғандағы маңыздылық: 1,680,000 мың теңге, яғни 2019 жылдың 31 желтоқсандағы активтер жиынының 0,5% пайызын құрайды.  |
| <b>Негізгі аудит мәселелері</b> | Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты 9 «Қаржы инструменттері» (ХҚЕС (IFRS) 9) – сәйкес басшылық орындаған, қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау. |

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, қаржылық есептіліктің бұрмалану тәуекелдерін қарастырдық. Атап кеткенде, біз басшылық қандай салаларда өз тұрғысынан нұйымдаулар жасағанын талдадық, мысалы, бухгалтерлік жорамалдар мен олардың сипаты бойынша белгісіздікке байланысты болашақ оқиғалардың маңызды бағалауларға қатысты. Біздің орындауымыздағы барлық аудит негізінде, біз сонымен қатар ішкі бақылау құралдарын басшылықтың айналып кету тәуекелдерін, және онымен шектелмей, басшылықтың салғырт әрекеттері салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың қаупін тудыратын ерекшеліктерді ескере отырып анықтадық.

Аудит көлемі біздің қаржылық есеп туралы тұтастай алғанда пікірімізді білдіруге жеткілікті көлемдегі жұмыстарды атқара алатын Қордың құрылымы, бухгалтерлік процесстері мен бақылау жүйесін қоса алғандағы, сондай-ақ Қор өз қызметін жүзеге асыратын Қор секторының ерекшелігін ескере отырып анықталған.

#### Маңыздылық

Аудит көлемін анықтауға бізге маңыздылықты пайдалануымыз өсер етті. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне саналы сенімділік алуға арналған. Бұрамалаулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне өсер етеді деп күтілсе маңызды болып табылады.

Төменде кестеде ұсынылғандай Қордың қаржы есептілігінің тұтастай деңгейіндегі маңыздылықты алғанда, біз кәсіби пайымдаулар негізінде, маңыздылық үшін белгілі бір сандық бастапқы шаманы анықтадық. Осы шамалар мен сапалық факторларды ескере отырып, біз аудит көлемін, сондай-ақ, аудиторлық әдістердің сипатын, мерзімі мен ауқымын анықтадық және бұрамаланулардың тұтастай алғанда қаржылық есептілікке (жеке немесе жиынтығында қабылданған) өсерін бағаладық.



Тәуелсіз аудитордың есебі (жалғасы)

3 - бет

|   |   |
|---|---|
| <b>Қаржылық есептілік деңгейіндегі тұтас алғандағы маңыздылық</b> | 1,680,000 мың теңге   |
| <b>Біз оны қалай анықтадық</b>                                    | 2019 жылдың 31 желтоқсандағы активтердің соммасынан 0,5% мөлшерінде.  |
| <b>Қолданылған маңызды деңгейін негіздеу</b>                      | Қор мемлекеттік мекеме болып табылады. Қордың стратегиялық бағыттары – ісін жаңа бастаған және бизнесі бар кәсіпкерлерді қолдау және дамыту, сондай-ақ Қордың тұрақты институционалды дамуы. Рентабельділік Қордың және басшылықтың негізгі міндеті емес. Сондықтан маңыздылықты айқындаудың ең лайықты негізі болып жиынтық активтер саналады. Бастапқы көрсеткіш ретінде 0,5% таңдалды, себебі бұл көрсеткіш маңызды деңгейіне тең. |

Негізгі аудит мәселелері

Негізгі аудит мәселелері – бұл біздің кәсіби пайымдамамызға сәйкес ағымдағы кезеңдегі қаржы есептілігінің аудиті үшін ең өзекті болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы аудит мән мәтінінде осы есептілік туралы пікір қалыптастыру барысында талқыланды, және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

| Негізгі аудит мәселесі  | Негізгі аудит мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды  |
|---|--|
| <p><b>Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты 9 «Қаржы инструменттері» – сәйкес басшылық орындаған, қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау.</b></p> <p>Біз өз назарымызды осы салаға аударғанымыздың бас себептерін бірі, қаржы мекемелеріндегі қаражаттардың маңыздылығының жоғары болуы, және ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық есептілік саласында жаңа өрі күрделі стандарт болып саналады. Сол себепті, болжамалы несиелік шығындарына провизия есептеу үшін, айтарлықтай үкім талап қойылады.</p> <p>Қор несиелік шығындар күтілетін жеке және ұжымдық негіздегі ережелерді бағалады. Болжамалы несиелік шығындарды есептеу барысында қолданылатын кредиттік төуекелдің параметрлері (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолтқа байланысты шығындар) сыртқы кредиттік рейтингтерге ақпараттар арқасында негізделген.</p> <p>Негізгі талқылау бағыттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, несиелерді кезеңдер бойынша бөлу;</li> <li>Негізгі төуекелдер параметрлерін бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік түсіндірулер мен модельдеу жорамалдары - дефолттың ықтималдығы, дефолт себебінен орын алған шығын және төуекел астындағы сомалар.</li> <li>Болжамалы несиелік шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын деректердің толықтығы мен дәлдігі.</li> </ul> | <p>Жорамалы несиелік шығындарын бағалау кезінде, келесі аудиторлық рәсімдерді орындадық:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Біз ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес Қор дайындаған болжамалы несиелік шығындарына провизия есептеу әдістемелер мен модельдерді қарастырдық. Біз өз назарымызды келесі әдістемелерге аудардық: дефолт параметрлерін анықтау, несиелік төуекелдің едәуір ұлғаюына себеп факторларды анықтау, несиелерді кезеңдер бойынша іріктеу және негізгі төуекел көрсеткіштерін бағалау.</li> <li>Талдау негізінде төуекелдер профилін, кредиттік төуекелді және макроэкономикалық жағдайды ескере отырып, олардың ақылға қонымдылығын анықтау үшін болжамалы несиелік шығындар бойынша провизиялардың деңгейіне жеке бағалау жүргіздік.</li> <li>Талдау негізінде сыртқы рейтингтері жоқ қарыз алушыларға арналған иегер компаниясының рейтингін қолданудың орындылығын бағаладық.</li> <li>Деректердің сапасын талдау негізінде тексеру үшін бастапқы деректерді тексеру арқылы болжамалы несиелік шығындарды есептеуде пайдаланылған деректерді тексердік.</li> <li>Қаржы институттарындағы қаражат үшін болжамалы несиелік шығындар үшін резервтің бағалануы әдістер мен модельдерге сәйкес жасалды және ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес келеді.</li> </ul> |



Тәуелсіз аудитордың есебі (жалғасы)

4 - бет

| Негізгі аудит мәселесі  | Негізгі аудит мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>Қаржылық есептіліктегі есептеулердің ашылуының дәлдігі мен жеткіліктілігі.</li> </ul> <p>Қаржылық есептің келесі ескертмелерінде: 4, 8, 31 есеп саясаты, критикалық есеп бағалаулары мен пайымдаулар, несиелендіру шығындарына қатысты төуекелдерді болжалау және провизияларды құру, басқа қаржы институттарындағы қаражаттар туралы ақпарат табуға болады.</p> |   |

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапкершілік көтереді. Өзге ақпарат аудиторлық есеп шығару күнінен кейін бізге беріледі деп күтілетін жылдық есепті (бірақ қаржы есептілігін және осы қаржы есептілігі бойынша біздің аудиторлық пікірімізді қоспағанда) қамтиды.

Біздің қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды, және біз осындай ақпаратқа қатысты кез-келген нысанда сенімділік білдіре алмаймыз.

Қаржы есептілігін аудитін жүргізуімізге байланысты, біздің жауапкершілігімізге жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу, сонымен қатар бізге берілген өзге ақпарат, қаржылық есептіліктегі және аудит кезінде қол жеткізген деректер арасында елеулі сәйкессіздіктердің жоқ екенін қарауда тұрады.

Орындалған жұмыс нәтижелері бойынша, берілген өзге ақпаратта бұрмаланулар табылған жағдайда, біз бұл жағдайды хабарлауымыз керек. Бұл есепте хабарлауға тура келетін мәліме жоқ.

Егерде жылдық есепті қарастырған уақытында, біз оның елеулі бұрмаланулары бар деген тұжырымға келсек, біз осы оқиғаны корпоративтік басқаруға жауапты қызметкерге хабарлаймыз.

**Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі**

Басшылық осы қаржылық есепті ХҚЕС-на сәйкес шынайы құруға және қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар, басшылық салғырт өрекеттер және қателіктер салдарынан бос қаржылық есеп дайындауға керек ішкі бақылау жүйесі-не жауапты.

Қаржы есебін дайындау барысында, басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті ақпаратты жария ету, қаржылық есептілік жұмысты үздіксіз жалғастыру қабілеті негізіндегі қағидатты қолданумен дайындау, басшылық Қорды тарату, оның қызметін тоқтату, қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа балама жоқ кездерден басқа жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржы есептілігін дайындау үрдісі қадағалауға жауапты болып табылады.



Тәуелсіз аудитордың есебі (жалғасы)

5 - бет

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудитін өткізу жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік салғырт әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қателіктер салдарынан бой көтеретін небір елеулі жалғандықтың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік, сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ АХС-қа сай жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануды анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін, егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп орынды түрде күтілсе маңызды деп есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби тұжырымдама қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- салғырт әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және бағалаймыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Салғырт әрекеттер салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың тәуекелі, қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалануларға қарағанда жоғары, себебі салғырт әрекеттер келісім, жалғандық, өдейі қалдырып кету немесе ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерінен тұруы мүмкін;
- Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;
- қолданыстағы есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған байланысты ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;
